



"Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 7 сәуірде № 14995 болып тіркелді.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 44-5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Арнайы білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің мынадай үлгілік қағидалары олардың оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру нысанына сәйкес:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес арнайы бөбекжай қызметінің үлгілік қағидалары;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес арнайы балабақша қызметінің үлгілік қағидалары;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес арнайы мектеп қызметінің үлгілік қағидалары;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес арнайы мектеп-интернат қызметінің үлгілік қағидалары;
- 5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес арнайы кешен "балабақша-мектеп-интернат" қызметінің үлгілік қағидалары;
- 6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес арнайы кешен "мектеп-интернат-колледж" қызметінің үлгілік қағидалары;
- 7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар қызметінің үлгілік қағидалары;
- 8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес оңалту орталығы қызметінің үлгілік қағидалары;
- 9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері қызметінің үлгілік қағидалары бекітілсін.

2. "Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 4 шілдедегі № 258 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8629 болып тіркелген, 2016 жылғы 26 қыркүйектегі "Казахстанская правда" № 282 (27556) газетінде жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмелерін ресми жариялау үшін мерзімді баспасөз басылымдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А.Суханбердиеваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі	Е. Сағадиев
--	-------------

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрі

_____ Е. А. Біртанов

2017 жылғы 3 наурыз

	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығына 1-қосымша
--	--

Арнайы бөбекжай қызметінің үлгілік қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Арнайы бөбекжай қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) арнайы бөбекжай қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай түсініктер қолданылады:

1) арнайы бөбекжайлар – бір жастан үш жасқа дейінгі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту, қарау, күту мен сауықтыруды қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары;

2) балалардағы амблиопия – көру өткірлігінің функционалдық (қайтымды) төмендеуі;

3) балалардағы қылилық – бірлескен фиксация нүктесінен бір көзінің көру сызығының ауытқуы ;

4) балалардағы психикалық даму тежелісі – церебральді-органикалық, конституционалдық, соматогенді және психогенді пайда болуының танымдық және Эмоциялық-ерік аясының қалыптасу тежелісі;

5) балалардағы Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылысы – туа біткен және кейіннен пайда болған Тірек-қозғалыс аппаратында әртүрлі патологиясы;

6) естімейтін балалар – өз бетінше сөйлеу тілін меңгеру және оны қабылдау мүмкін болмағандағы есту қабілетінен тұрақты айрылған балалар;

7) зағип-саңырау – көру және есту қабілеттерінің болмауы;

8) кохлеарлы имплант – айқын немесе күрделі дәрежелі нейросенсорлық (сенсоневральді) саңыраулығы бар балалардың жоғалған есту қабілетінің орнын толтыруға мүмкіндік беретін протез;

9) көрмейтін балалар – көру түйсігі толығымен жоқ, жарықты сезінуі немесе (түзетумен жақсы көретін көзінде 0,04-ке дейін) қалдық көруі бар балалар;

10) нашар еститін балалар – өз бетінше сөздік қоры жиналған және сөйлеу тілін қабылдауы мүмкін болғандағы есту қабілеті тұрақты төмендеген балалар;

11) нашар көретін балалар – түзетумен жақсы көретін көзінде 0,05-тен 0,4-ке дейінгі көру өткірлігімен.

3. Арнайы бөбекжай:

1) көру қабілетінде бұзылыстары бар балалар үшін;

2) есту қабілетінде бұзылыстары бар балалар үшін;

3) тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балалар үшін;

4) психикалық дамуы тежелген балалар үшін;

5) осы тармақтың 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген балалар санатын біріктіру кезінде құрылады.

4. Балаларды арнайы бөбекжайларға қабылдау, жолдау мен ауыстыру "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (бұдан әрі - ПМПК) қорытындысы негізінде жүргізіледі.

5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында арнайы бөбекжайлар болмаған жағдайда Осы Қағидалардың 3-тармағының, 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген балалар үшін арнайы топтар құрылады.

6. Арнайы бөбекжайдағы оқу сабақтарының кестесін "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысына сәйкес арнайы бөбекжай әкімшілігі әзірлейді және бекітеді.

7. Қажет болған жағдайда арнайы бөбекжайдың педагогтары ата-аналар (заңды өкілдер) үшін түзету сабақтарын ұйымдастыру мәселелері бойынша кеңес беру өткізеді.

8. Балалардың арнайы бөбекжайға жеке кесте бойынша баруы "Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 321 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11310 болып тіркелген) сәйкес тұрғылықты жері бойынша дәрігерлік-консультативтік комиссияның қорытындысымен жүзеге асырылады.

9. Баланы арнайы бөбекжайларға жолдау мен ауыстыру ПМПК-ның қорытындысы негізінде және ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен, Заңға сәйкес анықталады.

10. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

2-тарау. Арнайы бөбекжайлар қызметінің тәртібі

1-параграф. Көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжайлар қызметінің тәртібі

11. Көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжайға төмендегідей балалар:

1) көрмейтіндер (мүмдем көрмейтін; түзетумен жақсы көретін көзінде 0,04-ке дейінгі қалдық көруімен);

2) нашар көретіндер (түзетумен жақсы көретін көзінде 0,05-тен 0,4-ке дейінгі көру өткірлігімен);

3) плеоптикалық емге мұқтаж оптикалық түзету жағдайынағы жақсы көретін көзінде көру өткірлігі 0,7-ге дейінгі амблиопиясымен (дисбинокулярлық, рефракциялық, обскурациялық);

4) ортопто-плеопто-хирургиялық-ортоптикалық немесе тек ортоптикалық ем талап етілетін қылилықпен қабылданады.

Көру қабілетінде бұзылыстары бар балалар контингенті болған жағдайда көрмейтін және нашар көретін балаларды, амблиопиясы мен қылилығы бар балаларды бірге тәрбиелеу мен оқыту (бір ұйымда, топта) ұйымдастырылады.

12. Көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжайда топтардың толықтырылуы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 179 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10275 болып тіркелген) сәйкес төмендегідей:

1) көрмейтіндер 8 баладан артық емес;

2) нашар көретіндер – 12 баладан артық емес;

3) амблиопиясымен, қылилығымен - 10 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған топтар осы тармақтың бірінші бөлімінде көрсетілген толымдылықпен жас ерекшелігін және көру қабілетінің бұзылыстарын ескере отырып, жинақталады.

Зерде бұзылыстары бар, қимыл-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар немесе есту қабілетінде бұзылыстары бар көрмейтін және нашар көретін балалар күрделі құрылымдық ақауы бар балалар топтарына жолданады.

13. Оқу-тәрбие процесі ақау құрылымын, дәрежесін және көру қабілеті бұзылысының сипатын ескере отырып, тифлотехникалық құралдар мен арнайы жабдықтарды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Көрмейтін балаларға арналған құрал сипап сезу және көру-сипап сезу қабылдауын қолдануға негізделеді. Түзету жұмысында көру қабілетінде бұзылыстары бар балалар үшін оқу және басқа да

ақпараттардың қолжетімділігі шеңберін кеңейтуге мүмкіндік беретін ерекше дидактикалық материалдар мен арнайы көрнекі құралдар қолданылады.

14. Көру қабілетінде бұзылыстары бар балалардың даму ақауларын түзетуді дефектолог (тифлопедагог) көріп қабылдауын (көрмейтін балалармен – түйсіну және ұсақ моторикасын дамыту бойынша), әлеуметтік-тұрмыстық және кеңістіктік бағдарлауды дамыту бойынша шағын топтық және жеке арнайы түзету оқу қызметі нысанында іске асырады.

15. Зерде бұзылыстары, тірек-қозғалыс аппаратында немесе есту қабілетінде бұзылыстары бар көрмейтін және нашар көретін балаларға түзету көмегі № 499 қаулыға сәйкес жеке түзету-дамыту бағдарламасы бойынша көрсетіледі.

16. Көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжай және көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжай топтары құрылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысына сәйкес дефектолог (тифлопедагог) лауазымы төмендегідей есеппен:

1) көрмейтін балаларға арналған 1 топ үшін 1 штаттық бірлік;

2) нашар көретін балаларға арналған 1 топ үшін 1 штаттық бірлік;

3) амблиопиясы мен қылилығы бар балаларға арналған 1 топ үшін 1 штаттық бірлік қарастырылады.

Көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжайда емдік-қалпына келтіру жұмысын офтальмолог-дәрігер және ортопист-медбике жүзеге асырады.

Көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжайда емдік-қалпына келтіру жұмысын жүзеге асыру үшін офтальмолог кабинеті емдік аппаратурамен және инструменттермен жабдықталады.

2-параграф. Есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжайлар қызметінің тәртібі

17. Есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжайға төмендегідей:

1) қатты дауыс әсер етпейтін;

2) қатты дауыс әсер ететін;

3) құлақ қалқаны алдында сөйлеу тілі дауысының қаттылығы әсер ететін;

4) сөйлеу тілі аумағында есту қабілетінен 90 децибелден аса орташа айырылған құлақ қалқаны жанында жоғары дауыс қаттылығымен дыбысталған кейбір сөйлеу тілі дыбыстарын (а, о, у, р) ажырататын;

5) сөйлеу тілі аумағындағы (жиілігі 500-ден 4000 Герцке дейін) 40-тан 80 децибелге дейін және одан жоғарыны құрайтын есту қабілетінен орташа мөлшерде айырылған естімейтін, нашар еститін және кейіннен естімей қалған балалар;

6) кохлеарлы импланты бар;

7) сөйлеу тілі аумағында есту қабілетінен 40-тан 80 децибелге дейін орташа айрылған, сөйлеу тілін (құлақ қалқанынан 3 метрге дейінгі қашықтықтағы қалыпты сөйлеу тілі қаттылығының сөздерін, фразаларын) ажырататын;

8) сөйлеу тілі аумағында есту қабілетінен 80-нен 90 децибелге дейін айырылған (диагностикалық (сынама) оқыту рұқсат етіледі);

9) есту (аудиториялық) нейропатиясымен және есту қабілетінен 40-тан 80 децибелге дейін айырылған кезде сөйлеу тілін қабылдау бұзылыстары бар балалар қабылданады.

18. Есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжайға диагностикалық (сынама) түзете-дамыта тәрбиелеу мен оқытуға төмендегідей:

1) сөйлеу тілі аумағында есту қабілетінен 80-нен 90 децибелге дейін айрылған;

2) есту қабілетінен 40-тан 80 децибелге дейін жеңіл дәрежеде айрылған кезде сөйлеу тілі бұзылыстарымен азап шегетін (сенсорлық компонентпен сенсоневралды саңыраулық) балалар қабылданады.

19. Есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжайда топтар Санитариялық қағидаларға сәйкес:

1) естімейтіндер - 8 баладан артық емес;

2) нашар еститін және кейіннен естімей қалған – 10 баладан артық емес толықтыруды құрайды

Арнайы бөбекжайлардағы есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған топтар осы тармақтың бірінші бөлімінде көрсетілген толымдылықпен жас ерекшелігін және сөйлеу тілінің даму деңгейін ескере отырып, жинақталады.

20. Оқу-тәрбие процесі № 499 Қаулыға сәйкес баланы психологиялық-медициналық-педагогикалық және клиникалық зерделеу деректерімен шартталған сараланған және жеке тәсіл қағидалары негізінде жүзеге асырылады. Балалардың сөйлеу тілінің,

зейінінің, жұмысқа қабілеттілігінің, олардың даму динамикасының ерекшеліктерін зерделеу оқушының даму перспективасын анықтау мен түзету жұмысының тәсілдерін таңдау үшін жүргізіледі. Төртінші дәрежелі саңыраулығы бар балалардың ерекшеліктері есту қабілетінен айырылу дәрежесіне байланысты ескеріледі:

1) төменгі жиіліктерге есту сезімталдығы сақталған кезде жоғарғы жиіліктерге есту қабілетінен айырылуы; 250 Герц жиілікке есту қабілетінің төмендеуі 35 децибелден аспайды; 1000 Герцтен жоғары барлық жиілікте сөйлеу диапазонында есту қабілетінің 20 децибелге дейін одан әрі төмендеуі және есту қабілетінен кемінде 80 децибелге айырылуы кезінде;

2) төменгі жиіліктерге есту қабілетінің айтарлықтай төмендеуі кезінде жоғарғы жиіліктерге есту қабілетінен айырылуы; 250 Герцке дейінгі жиілікте есту қабілетінің төмендеуі 45-55 децибелді; жоғарғы жиіліктер аумағында есту қабілетінің төмендеуі 80-нен аса децибелді құрайды;

3) 65-тен 85 децибелге дейінгі барлық жиіліктерде есту қабілетінен біркелкі айырылуы; сөйлеу тілі бөлек былдыр сөздермен ұсынылған;

4) 90 децибелден жоғары кенеттен біркелкі (есту қабілетінің төмендеуі) есту қабілетінен айырылуы, аталған топтың балаларында сөйлеу тілі жоқ.

21. Арнайы бөбекжайларда есту қабілетінде бұзылыстары бар балалардың даму ақауларын түзетуді естіп қабылдауын дамыту бойынша топтық, шағын топтық және жеке түзету оқу қызметі нысанында дефектолог (сурдопедагог) жүзеге асырады.

22. Зерде, тірек-қозғалыс аппаратында немесе көру қабілетінде бұзылыстары бар естімейтін және нашар еститін балаларға № 499 Қаулыға сәйкес жеке түзете-дамыту бағдарламасы негізінде түзете-дамыту көмегі көрсетіледі.

3-параграф. Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжайлар қызметінің тәртібі

23. Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжайға төмендегідей:

1) жеке күтімді талап етпейтін өз бетінше қозғалатын;

2) арнайы қозғалу және (немесе) техникалық компенсаторлық (көмекші) құралдармен қозғалатын;

3) арнайы бөбекжайға физикалық қолжетімділік үшін олардың арнайы жағдайлармен қамтамасыз етілуі кезінде өз бетінше қозғалмайтын;

4) тірек-қозғалыс аппараты бұзылыстарына ұшыраған кохлеарлы импланты бар балалар қабылданады.

24. Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжайда Санитариялық қағидаларға сәйкес 10 баладан аспайтын топтардың толықтырылуын құрайды.

25. Арнайы бөбекжайларда тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балалардың оқыту процесіне психологиялық-педагогикалық ықпалды қамтамасыз ету үшін Санитариялық қағидаларға сәйкес арнайы емдік дене шынықтыру (бұдан әрі – ЕДШ) кабинеттері жабдықталады.

ЕДШ сабақтары үшін тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар:

1) жеке күтімді талап етпейтін өз бетінше қозғалатын;

2) қозғалыс белсенділігінің орташа айқын шектелуі бар;

3) айқын қозғалыс бұзылыстары бар (ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) бірге шұғылданады) балаларды топтарға бөледі.

4-параграф. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы бөбекжайлар қызметінің тәртібі

26. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы бөбекжайларға:

1) психикалық және сөйлеу тілі даму тежелісі бар балалар;

2) кохлеарлы импланты бар балалар;

3) эмоциялық-ерік аясының бұзылыстары психикалық даму тежелісімен үйлесетін аутистикалық спектрлық бұзылыстары бар балалар қабылданады.

27. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы бөбекжайда Санитариялық қағидаларға сәйкес 12 баладан артық емес толықтырылуды құрайды.

Арнайы бөбекжайлардағы психикалық дамуы тежелген балаларға арналған топтар осы тармақтың бірінші бөлімінде көрсетілген толымдылықпен жас ерекшелігін және даму деңгейін ескере отырып, жинақталады.

28. Балалардың психикалық даму бұзылыстарын түзетуді топтық, шағын топтық және жеке түзету оқу қызметі нысанында дефектолог (олигофренопедагог, мұғалім-логопед), психолог жүзеге асырады.

5-параграф. Осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген балалар санатын біріктіретін арнайы бөбекжайлар қызметінің тәртібі

29. Осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген балалар санатын біріктіретін, оның ішінде күрделі (есту мен көру қабілетінің бұзылыстары, зерде бұзылыстары және саңыраулық, саңыраулық және баланың церебралды салдығы үйлесетін) бұзылыстары

бар балаларға арналған арнайы бөбекжайлар осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген балалар санатынан қалыптастырылады.

Осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген балалар санатын біріктіретін арнайы бөбекжайларда топтар бұзылыс түрлері бойынша топтардың толымдылығына сәйкес, ал күрделі бұзылыстары бар, оның ішінде зағип-саңырау балалар үшін Санитариялық қағидаларға сәйкес 6 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығына 2-қосымша
--	--

Арнайы балабақшалар қызметінің үлгілік қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Арнайы балабақшалар қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) арнайы балабақшалар қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай түсініктер қолданылады:

1) арнайы балабақшалар – екі жастан мектеп жасына жеткенге дейін ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту, қарау, күту мен сауықтыруды қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары;

2) балалардағы амблиопия – функционалды (қайтарылатын) көру өткірлігінің төмендеуі;

3) балалардағы қылилық –фиксацияның бірлескен нүктесінен бір көздің көру сызығының ауытқуы;

4) балалардың зерде бұзылыстары – мидың органикалық зақымдануынан (тумысынан немесе жүре пайда болған) болған танымды қызметінің тұрақты бұзылуы;

5) балалардың психикалық дамуының тежелуі – тегі церебралды-органикалық, конституционалды, соматогенді и психогенді танымды және эмоциялық-ерік аясы қалыптасудың тежелуі;

6) балалардың сөйлеу қабілетінің ауыр тежелуі - алалиямен, афазиямен, дизартриямен, ринолалиямен, тұтығумен шартталған 1-2 деңгейдегі сөйлеу қабілетінің жалпы дамымауы;

7) балалардың Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары – Тірек-қозғалыс аппаратында әртүрлі тумысынан және жүре пайда болған патологиясы;

8) балалардың эмоционалды-ерік аясының және мінез-құлығының бұзылыстары - басқа адаммен өзара іс-әрекетін, ойының, сезімдерінің, мінез-құлық әсерлерін есепке алуды талап ететін мінез-құлықтың жоғарғы әлеуметтендірілген нысандары дамуының бұзылу немесе тежелуі;

9) естімейтін балалар – сөйлеу қабілетін және оны қабылдау өз бетімен игеру мүмкінсіз кезіндегі есту қабілетін тұрақты жоғалтқан балалар;

10) кейіннен естімей қалған балалар – есту қабілеті бұзылған кезде сөйлеу қабілеті қалыптасқан балалар;

11) кохлеарлы имплант – нейросенсорлы (сенсоневралды) саңыраулықтың айқын немесе ауыр деңгейі бар балалардың жоғалтқан естуін орнын толтыруға мүмкіндік беретін протез;

12) көрмейтін балалар – жарыққа сезімі бар немесе қалдық көру қабілеті бар (жақсы көретін көзінде 0,04-ке дейінгі қалдық көруімен), көру сезімдері жоқ балалар;

13) нашар еститін балалар – өз бетімен сөздік қорын көбейту және сөйлеуді қабылдау мүмкін кездегі есту қабілетінің тұрақты төмендеуі бар балалар;

14) нашар көретін балалар – түзетумен жақсы көретін көзінің 0,05-тен 0,4-ке дейінгі көру өткірлігімен;

15) ринолалия – сөйлеу тілі аппараты құрылысының кемістіктерімен және әрекет етуімен шартталған артикуляция мен дауыс жасаудың бұзылыстары;

16) ринофония – мұрын-жұтқыншақ, тілшік және таңдай кемістіктері немесе бұзылыстары салдарынан дауыс-тыныс алу ағымының дұрыс емес бағыты туындайтын дауыстың мұрындық реңкі.

3. Арнайы балабақшалар:

1) көру қабілетінде бұзылыстары бар балалар үшін;

2) есту қабілетінде бұзылыстары бар балалар үшін;

3) сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалар үшін;

4) тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балалар үшін;

5) зерде бұзылыстары бар балалар үшін;

6) психикалық дамуы тежелген балалар үшін;

7) эмоциялық-ерік аясында және мінез-құлқында бұзылыстары бар балалар үшін;

8) осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар санатын біріктіру кезінде құрылады.

4. Арнайы балабақшаларға балаларды қабылдау "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (бұдан әрі - ПМПК) қорытындысы негізінде жүргізіледі.

5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында арнайы балабақшалар болмаған кезде осы Қағидалардың 3-тармағының, 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар санатын біріктіретін арнайы топтар құрылады.

6. Арнайы балабақшадағы оқу сабақтарының кестесін "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысына сәйкес арнайы бөбекжай әкімшілігі әзірлейді және бекітеді.

7. Қажет болған жағдайда арнайы балабақшалардың педагогтары ата-аналар (заңды өкілдер) үшін түзету сабақтарын ұйымдастыру мәселелері бойынша кеңес беру өткізеді.

8. Балалардың арнайы балабақшаға жеке кесте бойынша баруы "Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 321 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11310 болып тіркелген) сәйкес тұрғылықты жері бойынша дәрігерлік-консультативтік комиссияның қорытындысымен жүзеге асырылады.

9. Баланы арнайы балабақшаларға жолдау мен ауыстыру ПМПК-ның қорытындысы негізінде және ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен, Заңға сәйкес анықталады.

10. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

2-тарау. Арнайы балабақшалар қызметінің тәртібі

1-параграф. Көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшалар қызметінің тәртібі

11. Көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшаларға төмендегідей балалар:

- 1) көрмейтіндер және нашар көретіндер;
- 2) түзетумен жақсы көретін көзінде 0,04-ке дейінгі қалдық көруімен;
- 3) көру қабілеті төмендеуінің күшеюін сипаттайтын асқынған көру жүйкесінің атрофиясы мен басқа да аурулары кезінде түзетуге болатын жақсы көретін көзінде 0,05 – 0,08 көру өткірлігімен;
- 4) түзетумен жақсы көретін көзінде 0,05-тен 0,4-ке дейінгі көру өткірлігімен;
- 5) плеоптикалық емге мұқтаж оптикалық түзету жағдайынағы жақсы көретін көзінде көру өткірлігі 0,7-ге дейінгі амблиопиясымен (дисбинокулярлық, рефракциялық, обскурациялық);
- 6) ортопто-плеопто-хирургиялық-ортоптикалық немесе тек ортоптикалық ем талап етілетін қылилықпен қабылданады.

12. Көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшада жасына (үш жасқа дейін және одан жоғары) байланысты топтар "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 179 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10275 болып тіркелген) (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) сәйкес төмендегідей:

- 1) көрмейтіндер - 8 баладан артық емес;
- 2) нашар көретін - 12 баладан артық емес;
- 3) амблиопиясымен және қылилығымен - 10 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

Арнайы балабақшалардағы көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған топтар осы тармақтың бірінші бөлімінде көрсетілген толымдылықпен жас ерекшелігін және көру қабілетінің бұзылыстарын ескере отырып, жинақталады.

Зерде бұзылыстары (жеңіл ақыл-ой кемістігі) бар, қимыл-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар немесе есту қабілетінде бұзылыстары бар көрмейтін және нашар көретін балалар күрделі құрылымдық ақауы бар балалар топтарына жолданады.

13. Оқу-тәрбие процесі ақау құрылымын, дәрежесін және көру қабілеті бұзылысының сипатын ескере отырып, тифлотехникалық құралдар мен арнайы жабдықтарды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Көрмейтін балаларға арналған құрал сипап сезу және көру-сипап сезу қабылдауын қолдануға негізделеді. Түзету жұмысында көру қабілетінде бұзылыстары бар балалар үшін оқу және басқа да ақпараттардың қолжетімділігі шеңберін кеңейтуге мүмкіндік беретін ерекше дидактикалық материалдар мен арнайы көрнекі құралдар қолданылады.

14. Көру қабілетінде бұзылыстары бар балалардың даму ақауларын түзетуді дефектолог (тифлопедагог) көріп қабылдауын (көрмейтін балалармен – түйсіну және ұсақ моторикасын дамыту

бойынша), әлеуметтік-тұрмыстық және кеңістіктік бағдарлауды дамыту бойынша шағын топтық және жеке түзету сабақтары нысанында іске асырады.

15. Зерде бұзылыстары (жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі) бар, тірек-қозғалыс аппаратында немесе есту қабілетінде бұзылыстары бар көрмейтін және нашар көретін балаларға түзету көмегі № 499 қаулыға сәйкес жеке түзету-дамыту бағдарламасы бойынша көрсетіледі.

16. Көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшаларда " Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысына сәйкес дефектолог (тифлопедагог) лауазымы төмендегідей есеппен:

- 1) көрмейтін балаларға арналған 1 топ үшін 1 штаттық бірлік;
- 2) нашар көретін балаларға арналған 1 топ үшін 1 штаттық бірлік;
- 3) амблиопиясы мен қылилығы бар балаларға арналған 1 топ үшін 1 штаттық бірлік қарастырылады.

Көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшада емдік-қалпына келтіру жұмысын офтальмолог-дәрігер және ортопист-медбике жүзеге асырады.

Көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшада емдік-қалпына келтіру жұмысын жүзеге асыру үшін офтальмолог кабинеті емдік аппаратурамен және инструменттермен жабдықталады.

2-параграф. Есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшалар қызметінің тәртібі

17. Есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған балабақшаларға төмендегідей:

- 1) қатты дауыс әсер етпейтін;
- 2) қатты дауыс әсер ететін;
- 3) құлақ қалқаны алдында сөйлеу тілі дауысының қаттылығы әсер ететін;
- 4) сөйлеу тілі аумағында есту қабілетінен 90 децибелден аса орташа айырылған құлақ қалқаны жанында жоғары дауыс қаттылығымен дыбысталған кейбір сөйлеу тілі дыбыстарын (а, о, у, р) ажырататын;

5) сөйлеу тілі аумағындағы (жиілігі 500-ден 4000 Герцке дейін) 40-тан 80 децибелге дейін және одан жоғарыны құрайтын есту қабілетінен орташа мөлшерде айырылған естімейтін, нашар еститін және кейіннен естімей қалған балалар;

6) төменгі қабылдау деңгейі мен белсенді сөйлеу тілінің дамуына ие кохлеарлы импланты бар ;

7) алғашқы зерде сақталуы кезінде есту қабілетінің бұзылыстарына ие аутистикалық спектрлық бұзылыстары бар;

8) мектепке дейінгі жаста есту қабілетінен айырылған, бірақ елеулі бұзылыстармен сөйлеу тілі сақталған;

9) сөйлеу тілі аумағында есту қабілетінен 40-тан 80 децибелге дейін орташа айрылған, сөйлеу тілін (құлақ қалқанынан 3 метрге дейінгі қашықтықтағы қалыпты сөйлеу тілі қаттылығының сөздерін, фразаларын) ажырататын және сөйлеу тілінің жеткіліксіздігінің әртүрлі дәрежесінде есту қабілетінің жеткіліксіздігі салдарынан азап шегетін;

10) сөйлеу тілі аумағында есту қабілетінен 80-нен 90 децибелге дейін айырылған (диагностикалық (сынама) оқыту рұқсат етіледі);

11) есту (аудиториялық) нейропатиясымен және есту қабілетінен 40-тан 80 децибелге дейін айырылған кезде сөйлеу тілін қабылдау бұзылыстары бар балалар қабылданады.

18. Есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшаға диагностикалық (сынама) түзете-дамыта оқытуға төмендегідей:

1) сөйлеу тілі аумағында есту қабілетінен 80-нен 90 децибелге дейін айрылған;

2) есту қабілетінен 40-тан 80 децибелге дейін жеңіл дәрежеде айрылған кезде сөйлеу тілі бұзылыстарымен азап шегетін (сенсорлық компонентпен сенсоневралды саңыраулық) балалар қабылданады.

19. Есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшада топтар Санитариялық қағидаларға сәйкес:

1) естімейтіндер - 8 баладан артық емес;

2) нашар еститін және кейіннен естімей қалған – 10 баладан артық емес толықтыруды құрайды

Арнайы балабақшалардағы есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған топтар осы тармақтың бірінші бөлімінде көрсетілген толымдылықпен жас ерекшелігін және сөйлеу тілінің даму деңгейін ескере отырып, жинақталады.

20. Оқу-тәрбие процесі № 499 Қаулыға сәйкес баланы психологиялық-медициналық-педагогикалық және клиникалық зерделеу деректерімен шартталған сараланған және жеке тәсіл қағидалары негізінде жүзеге асырылады. Балалардың сөйлеу тілінің, зейінінің, жұмысқа қабілеттілігінің, олардың даму динамикасының ерекшеліктерін зерделеу оқушының даму перспективасын анықтау мен түзету жұмысының тәсілдерін таңдау үшін жүргізіледі. Төртінші дәрежелі саңыраулығы бар балалардың ерекшеліктері есту қабілетінен айырылу дәрежесіне байланысты ескеріледі:

1) төменгі жиіліктерге есту сезімталдығы сақталған кезде жоғарғы жиіліктерге есту қабілетінен айырылуы; 250 Герц жиілікке есту қабілетінің төмендеуі 35 децибелден аспайды; 1000 Герцтен жоғары барлық жиілікте сөйлеу диапазонында есту қабілетінің 20 децибелге дейін одан әрі төмендеуі және есту қабілетінен кемінде 80 децибелге айырылуы кезінде;

2) төменгі жиіліктерге есту қабілетінің айтарлықтай төмендеуі кезінде жоғарғы жиіліктерге есту қабілетінен айырылуы; 250 Герцке дейінгі жиілікте есту қабілетінің төмендеуі 45-55 децибелді; жоғарғы жиіліктер аумағында есту қабілетінің төмендеуі 80-нен аса децибелді құрайды;

3) 65-тен 85 децибелге дейінгі барлық жиіліктерде есту қабілетінен біркелкі айырылуы; сөйлеу тілі бөлек былдыр сөздермен ұсынылған;

4) 90 децибелден жоғары кенеттен біркелкі (есту қабілетінің төмендеуі) есту қабілетінен айырылуы, аталған топтың балаларында сөйлеу тілі жоқ.

21. Арнайы балабақшаларда мектепалды даярлықтан өтпеген есту қабілетінде бұзылыстары бар алты жастағы балалар есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің, арнайы мектеп-интернаттардың, "балабақша-мектеп-интернат", "мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендерінің мектепалды даярлық сыныптарына қабылданады.

22. Арнайы балабақшаларда есту қабілетінде бұзылыстары бар балалардың даму ақауларын түзетуді естіп қабылдауын дамыту бойынша топтық, шағын топтық және жеке түзету сабақтары нысанында дефектолог (сурдопедагог) жүзеге асырады.

23. Зерде бұзылыстары (жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі) бар, тірек-қозғалыс аппаратында немесе көру қабілетінде бұзылыстары бар естімейтін, нашар еститін және кейіннен естімей қалған балаларға №499 Қаулыға сәйкес жеке түзете-дамыту бағдарламасы негізінде түзете-дамыту көмегі көрсетіледі.

3-параграф. Сөйлеу тілінде күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшалар қызметінің тәртібі

24. Сөйлеу тілінде күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшаларға екі жастан мектеп жасына жеткенге дейінгі балалар:

1) сөйлеу тілінің дамуы тежелген;

2) алалиямен, афазиямен, дизартриямен, ринолалиямен, тұтықпамен 1-2 дәрежедегі саңыраулық бұзылыстарымен шартталған 1-3 деңгейдегі сөйлеу тілінің жалпы дамымаған;

3) кохлеарлы импланты бар;

4) алғашқы зерде сақталуы кезінде сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстарына ие аутистикалық спектрлық бұзылыстары бар балалар қабылданады.

25. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшада Санитариялық қағидаларға сәйкес топтар 12 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

26. Фонетикалық және фонетикалық-фонематикалық сөйлеу тілінің жеткіліксіздігімен бес жастан жеті жасқа дейінгі балалар үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында арнайы топтар ашылады немесе логопедиялық пункте, психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінде, оңалту орталығында түзету көмегі көрсетіледі.

27. Балалардың сөйлеу тілінің даму бұзылыстарын түзетуді мұғалім-логопед топтық, шағын топтық және жеке түзету сабақтары нысанында жүзеге асырады.

4-параграф. Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшалар қызметінің тәртібі

28. Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшаға төмендегідей:

1) жеке күтімді талап етпейтін өз бетінше қозғалатын;

2) арнайы қозғалу және (немесе) техникалық компенсаторлық (көмекші) құралдармен қозғалатын;

3) арнайы балабақшаға физикалық қолжетімділік үшін оларды арнайы жағдайлармен қамтамасыз ету: пандустардың, кең есіктердің, мүгедек арбасы көтергішінің, баспалдақ жанындағы көтергіштің , автоматты түрде ашылатын есіктердің болуы кезінде өз бетінше қозғалмайтын;

4) тірек-қозғалыс аппараты бұзылыстарына ұшыраған кохлеарлы импланты бар балалар қабылданады.

29. Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшада Санитариялық қағидаларға сәйкес 10 баладан аспайтын топтардың толықтырылуын құрайды.

30. Жеңіл және (немесе) орташа ақыл-ой кемістігімен қатар жүретін тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға № 499 Қаулыға сәйкес жеке түзете-дамыту бағдарламасы негізінде түзете-дамыту көмегі көрсетіледі.

31. Арнайы балабақшаларда тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балалардың оқыту процесіне психологиялық-медициналық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету үшін Санитариялық қағидаларға сәйкес арнайы емдік дене шынықтыру (бұдан әрі – ЕДШ) кабинеттері жабдықталады.

ЕДШ сабақтары үшін тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар:

- 1) жеке күтімді талап етпейтін өз бетінше қозғалатын;
- 2) қозғалыс белсенділігінің орташа айқын шектелуі бар;

3) айқын (ауыр) қозғалыс бұзылыстары бар (ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) бірге шұғылданады) балаларды топтарға бөледі.

5-параграф. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшалар қызметінің тәртібі

32. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшаларға әртүрлі генездегі ақыл-ой кемістігі және зияткерлік жеткіліксіздігі бар балалар, сондай-ақ зияткерлік жеткіліксіздігімен қатар жүретін аутистикалық спектрлық бұзылыстары бар балалар қабылданады.

33. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшаларда Санитариялық қағидаларға сәйкес топтар төмендегідей балалар үшін:

- 1) ақыл-ой кемістігімен – 12 баладан артық емес;
- 2) терең ақыл-ой кемістігімен – 10 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

34. Арнайы балабақшалардағы балалардың зияткерлік бұзылыстарының ауырлығы мен сипатына байланысты психикалық дамуы тежелген, жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар балалар үшін арнайы топтар құрылады.

35. Зерде бұзылыстары бар балаларға түзете-дамыту көмегі № 499 Қаулыға сәйкес жеке түзете-дамыту бағдарламасы негізінде көрсетіледі.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқыту баланың жетістіктерін талдай отырып, 1-жартыжылдық мерзіміне құрылған жеке бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырылады.

36. Ақыл-ой кемістігі бар балалардың даму бұзылыстарын түзетуді топтық, шағын топтық және жеке түзету сабақтары нысанында олигофренопедагог, мұғалім-логопед жүзеге асырады.

6-параграф. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы балабақшалар қызметінің тәртібі

37. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы балабақшаларға:

1) психикалық және сөйлеу тілінің даму тежелісі бар балалар;

2) кохлеарлы импланты бар балалар;

3) эмоциялық-ерік аясының бұзылыстары психикалық даму тежелісімен үйлесетін аутистикалық спектрлік бұзылыстары бар балалар қабылданады.

38. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы балабақшада Санитариялық қағидаларға сәйкес топтар 12 баладан артық емес толықтырылуды құрайды.

Арнайы балабақшалардағы психикалық дамуы тежелген балаларға арналған топтар осы тармақтың бірінші бөлімінде көрсетілген толымдылықпен жас ерекшелігін және даму деңгейін ескере отырып, жинақталады.

39. Балалардың психикалық даму бұзылыстарын түзетуді топтық, шағын топтық және жеке түзету сабақтары нысанында дефектолог (олигофренопедагог, мұғалім-логопед), психолог жүзеге асырады.

7-параграф. Эмоциялық-ерік аясында және мінез-құлқында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшалар қызметінің тәртібі

40. Эмоциялық-ерік аясында және мінез-құлқында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшаларға:

1) эмоциялық-ерік аясында бұзылыстары бар балалар, оның ішінде аутистикалық спектрлік бұзылыстары бар балалар;

2) кохлеарлы импланты бар балалар қабылданады.

41. Эмоциялық-ерік аясында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшада топтар Санитариялық қағидаларға сәйкес 10 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

Түзету жұмысының мазмұны кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық сипатқа ие. Балаларды түзете-дамыта тәрбиелеу мен оқытуды психолог, дефектолог, мұғалім-логопед жүзеге асырады.

8-параграф. Осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар санатын біріктіретін арнайы балабақшалар қызметінің тәртібі

42. Осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар санатын біріктіретін, оның ішінде күрделі (есту мен көру қабілетінің бұзылыстары, зерде

бұзылыстары және саңыраулық, саңыраулық және баланың церебралды салдығы, көру қабілетінің және баланың церебралды салдығы үйлесетін) бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшалар осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар санатынан қалыптастырылады.

43. Осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар санатына арналған арнайы балабақшаларда топтар бұзылыс түрлері бойынша топтардың толымдылығына сәйкес, ал күрделі бұзылыстары бар, оның ішінде зағип-саңырау балалар үшін Санитариялық қағидаларға сәйкес 6 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығына 3-қосымша
--	--

Арнайы мектептер қызметінің үлгілік қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы арнайы мектептер қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) арнайы мектептердің қызмет тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай түсініктер қолданылады:

1) арнайы мектептер – техникалық және өзге де көмекші құралдарды, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және кемтар балалардың білім беру бағдарламаларын игеруі онсыз мүмкін болмайтын өзге де қызметтерді қоса алғанда, арнаулы білім алу үшін жасалатын жағдайларды қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары;

2) балалардағы амблиопия – функционалды (қайтарылатын) көру өткірлігінің төмендеуі;

3) балалардағы қылилық – фиксацияның бірлескен нүктесінен бір көздің көру сызығының ауытқуы;

4) балалардың зерде бұзылыстары – мидың органикалық зақымдануынан (тумысынан немесе жүре пайда болған) болған танымды қызметінің тұрақты бұзылуы;

5) балалардың психикалық дамуының тежелуі – тегі церебралды-органикалық, конституционалды, соматогенді и психогенді танымды және эмоциялық-ерік аясы қалыптасудың тежелуі;

6) балалардың сөйлеу қабілетінің ауыр тежелуі - алалиямен, афазиямен, дизартриямен, ринологиямен, тұтығумен шартталған 1-2 деңгейдегі сөйлеу қабілетінің жалпы дамымауы;

7) балалардың Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары – Тірек-қозғалыс аппаратында әртүрлі тумысынан және жүре пайда болған патологиясы;

8) балалардың Эмоциялық-ерік аясында және мінез-құлқында бұзылыстары - басқа адаммен өзара іс-әрекетін, ойының, сезімдерінің, мінез-құлық әсерлерін есепке алуды талап ететін мінез-құлықтың жоғарғы әлеуметтендірілген нысандары дамуының бұзылу немесе тежелуі;

9) естімейтін балалар – сөйлеу қабілетін және оны қабылдау өз бетімен игеру мүмкінсіз кезіндегі есту қабілетін тұрақты жоғалтқан балалар;

10) кейіннен естімей қалған балалар – есту қабілеті бұзылған кезде сөйлеу қабілеті қалыптасқан балалар;

11) кохлеарлы имплант – нейросенсорлы (сенсоневралды) саңыраулықтың айқын немесе ауыр деңгейі бар балалардың жоғалтқан естуін орнын толтыруға мүмкіндік беретін протез;

12) көрмейтін балалар – жарыққа сезімі бар немесе қалдық көру қабілеті бар (жақсы көретін көзінде 0,04-ке дейінгі қалдық көруімен), көру сезімдері жоқ балалар;

13) нашар еститін балалар – өз бетімен сөздік қорын көбейту және сөйлеуді қабылдау мүмкін кездегі есту қабілетінің тұрақты төмендеуі бар балалар;

14) нашар көретін балалар – түзетумен жақсы көретін көзінің 0,05-тен 0,4-ке дейінгі көру өткірлігімен;

15) риноплазия – сөйлеу тілі аппараты құрылысының кемістіктерімен және әрекет етуімен шартталған артикуляция мен дауыс жасаудың бұзылыстары;

16) ринофония – мұрын-жұтқыншақ, тілшік және таңдай кемістіктері немесе бұзылыстары салдарынан дауыс-тыныс алу ағымының дұрыс емес бағыты туындайтын дауыстың мұрындық реңкі.

3. Арнайы мектептер:

1) көру қабілетінің бұзылыстары бар балалар үшін;

2) есту қабілетінің бұзылыстары бар балалар үшін;

3) сөйлеу қабілетінің ауыр бұзылыстары бар балалар үшін;

4) тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балалар үшін;

5) зерде бұзылыстары бар балалар үшін;

6) психикалық дамуы тежелген балалар үшін;

7) эмоционалды-ерік аясы және мінез-құлығы бұзылған балалар үшін;

8) осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар санаттарын біріктірген кезде құрылады.

4. Арнайы мектептерге балаларды қабылдау "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңына сәйкес психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (бұдан әрі – ПМПК) қорытындысы негізінде жүргізіледі.

5. Арнайы мектептер болмаған кезде жалпы білім беретін мектептерде осы Қағидалардың 3-тармағы, 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар үшін арнайы сыныптар құрылады.

6. Арнайы мектептегі оқу сабақтар кестесі "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысына сәйкес арнайы мектептің әкімшілігімен әзірленеді және бекітіледі.

7. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу негізгі мектепте оқу мерзімін ұзартуына байланысты оқу материалдарын өзгертіп және қайта бөліп Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бекітілген үлгілік оқу жоспарларына, "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру жалпы білім беру оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Қажет болған жағдайда арнайы мектептердің педагогтары түзету сабақтарын ұйымдастыру мәселелері бойынша ата-аналар (заңды өкілдер) үшін консультация жүргізеді.

2-тарау. Арнайы мектептер қызметінің тәртібі

1-параграф. Көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептер қызметінің тәртібі

9. Көру қабілетінің бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерге төмендегідей балалар:

1) көрмейтіндер (мүлдем көрмейтіндер), кейіннен көрмей қалғандар;

2) көрмейтіндер – жарыққа сезімі бар немесе қалдық көру қабілеті бар (жақсы көретін көзінде 0,04-ке дейінгі қалдық көруімен), көру сезімдері жоқ балалар;

3) жарыққа сезімі бар;

4) түзетумен жақсы көретін көзінің 0,04-ке дейінгі қалдық көруімен;

5) оптикалық түзетумен жақсы көретін көзінде 0,05-тен 0,4-ке дейінгі көру өткірлігімен

6) плеоптикалық емге мұқтаж оптикалық түзету жағдайынағы жақсы көретін көзінде көру өткірлігі 0,7-ге дейінгі амблиопиясымен (дисбинокулярлық, рефракциялық, обскурациялық);

7) ортоптикалық-хирургиялық-ортоптикалық немесе тек ортоптикалық ем талап етілетін қылилықпен;

8) көру қабілетінің бұзылыстары және кохлеарлы импланты бар балалар қабылданады.

10. Көру қабілетінің бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерде "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 179 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10275 болып тіркелген) (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) сәйкес:

1) көрмейтіндер 8 баладан артық емес;

2) нашар көретіндер – 10 баладан артық емес;

3) амблиопия және қылилығы бар балалар 10 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

11. Көру қабілетінің бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерде (сыныптарда) сыныптарда толықтыруы жеткіліксіз болған жағдайда көрмейтін, нашар көретін, амблиопиясымен, қылилықпен балалар біріктіріп оқытылады.

12. Балаларды арнайы мектепке жолдау үшін офтальмологиялық көрсеткіштер офтальмологиялық зерттеу негізінде жеке қойылады.

13. Көру қабілетінің бұзылыстары бар білім алушылар "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес жалпы білім беретін мектепке оқитудың кез келген уақытында ауыстырылады.

14. Көрмейтін білім алушылардың оқыту кезінде жалпы білім беретін мектептердің Брайль шрифтімен басылып шығарылған оқулықтары, оқу құралдары және әдебиеті пайдаланылады.

Нашар көретін білім алушылардың оқыту кезінде жалпы білім беретін мектептердің үлкейтілген шрифтімен басылып және арнайы жасалған суреттермен шығарылған оқулықтар, оқу құралдар және әдебиет пайдаланылады.

2-параграф. Есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептер қызметінің тәртібі

15. Есту қабілетінің бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерге :

1) қатты дауыс әсер етпейтін;

2) қатты дауыс әсер ететін;

3) құлақ қалқаны алдында сөйлеу тілі дауысының қаттылығы әсер ететін;

4) сөйлеу тілі аумағында есту қабілетінен 90 децибелден аса орташа айырылған құлақ қалқаны жанында жоғары дауыс қаттылығымен дыбысталған кейбір сөйлеу тілі дыбыстарын (а, о, у, р) ажырататын;

5) сөйлеу тілі аумағындағы 40-тан 80 децибелге дейін және одан жоғарыны құрайтын есту қабілетінен орташа мөлшерде айрылған естімейтін, нашар еститін және кейіннен естімей қалған;

6) мектепке дейінгі жаста есту қабілетінен айырылған, бірақ елеулі бұзылыстармен сөйлеу тілі сақталған;

7) сөйлеу тілі аумағында есту қабілетінен 80-нен 90 децибелге дейін айрылған (диагностикалық (сынама) оқыту рұқсат етіледі);

8) есту қабілетінен 40-тан 80 децибелге дейін айырылған кезде сөйлеудің қабылдауы бұзылған және есту (аудиторлық) нейропатиясы бар;

9) төменгі қабылдау деңгейі мен белсенді сөйлеу тілінің дамуына ие кохлеарлы импланты бар балалар қабылданады.

16. Есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерде Санитариялық қағидаларға сәйкес:

1) естімейтіндер 8 баладан артық емес;

2) нашар еститіндер және кейіннен естімей қалғандар – 10 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

17. Есту қабілетін және сөйлеуді дамыту бойынша жеке сабақтар оқу күні бойы және сабақтан тыс уақытта жүргізіледі.

3-параграф. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептер қызметінің тәртібі

18. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерге :

1) алалиямен, афазиямен, дизартриямен (анартриямен), ринолалиямен, 1-2 дәрежедегі саңыраулық пен сөйлеу қабілетінің бұзылыстарымен шартталған 1-2 деңгейдегі сөйлеу тілінің жалпы дамымауымен;

2) ринолалиямен, ринофониямен, ауыр деңгейдегі тұтығумен, жазбаша сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстарымен (аграфия, дисграфия, алексия, дислексия);

3) алғашқы зерде сақталуы кезінде сөйлеу тілі бұзылыстары бар аутистикалық спектрлік бұзылыстары бар;

4) кохлеарлы импланты бар балалар қабылданады.

Әртүрлі ауыр емес ауызша (фонетикалық және фонетикалық-фонематикалық сөйлеу тілі жеткіліксіздігі, қатты білінбейтін сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, жеңіл түрдегі тұтығу) және жазбаша (дисграфия, дислексия, дизорфография) сөйлеу тілінің кемістіктері - бар балалар ПМПК қорытындысының негізінде логопедиялық пунктке, психологиялық-педагогикалық түзету кабинетіне, оңалту орталығына жолданады.

19. Сөйлеу қабілетінде кемістіктері бар балаларға арналған арнайы мектептерде Санитариялық қағидаларға сәйкес 12 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

20. Сөйлеу режимін сақтап барлық сабақтарда және сабақтан тыс кезде арнайы логопедиялық және түзеу-педагогикалық қолдау көрсетіледі.

4-параграф. Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептер қызметінің тәртібі

21. Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерге төмендегідей балалар:

1) жеке көмекті талап етпейтін өз бетінше қозғалатын;

2) арнайы қозғалу және (немесе) техникалық компенсаторлық (көмекші) құралдардың көмегімен қозғалатын;

3) өз бетінше қозғалмайтын;

4) тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар кохлеарлы имплантты балалар қабылданады.

22. Тірек қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерде Санитариялық қағидаларға сәйкес 8 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

23. Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балалар үшін арнайы ұйымдастырылған қозғалыс режимі сақталады. Түзеу-педагогикалық қолдау логопедиялық, емдік дене шынықтыру, ортопедиялық жұмыс, физиотерапиялық процедуралардан құрылған.

24. Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балалар арналған арнайы мектептерде, сондай-ақ арнайы сыныптар ашқан жалпы білім беретін мектептерде Санитариялық қағидаларға сәйкес ортаны әлеуметтік бейімдеу үшін және түзеу жұмысын жүргізу қажетілігі пандустардың, кең есіктердің, мүгедек арбасы көтергішінің, баспалдақ жанындағы көтергіштің, автоматты түрде ашылатын есіктердің, сондай-ақ арнайы жабдықталған емдік дене шынықтыру, емдік процедураларды өткізу (массаж, физиотерапиялық процедуралар) кабинеттерінің болуын қарастырады.

Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балалар арнайы мектептер, сондай-ақ арнайы сыныптар ашқан жалпы білім беретін мектептер жанындағы аумақтар және ғимараттарының қолжетімділігі "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес қамтамасыз етіледі.

5-параграф. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептер қызметінің тәртібі

25. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерге :

1) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар;

2) үш жастан кейін пайда болған инфекциялық, улы, травматикалық және басқа да аурулармен шартталған зерде жеткіліксіздігі (жеңіл ақыл-ойы кемістігіне теңелген);

3) эпилептикалық, шизофрениялық ақыл-ой әлсіздігімен, жеңіл ақыл-ой кемістігі барге теңелетін зерде жеткіліксіздігі бар аутистикалық спектрлық бұзылулар;

4) орташа ақыл-ой кемістігі бар және оған теңелген әр түрлі генездегі зерде жеткіліксіздігі бар балалар қабылданады.

26. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерде Санитариялық қағидаларға сәйкес:

1) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар 10 баладан артық емес;

2) қалыпты ақыл-ой кемістігі бар 6 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

27. Арнайы мектептің мектепалды даярлық сыныбына оқуға даярлығы жеткіліксіз деңгейдегі балалар қабылданады. Бірінші сыныпқа жетіден тоғыз жасқа дейінгі балалар қабылданады.

Материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік жағдайлар болған кезде арнайы мектептерде (арнайы сынып ашқан жалпы білім беретін мектептерде) тереңдетілген еңбек даярлығы бар оқу-өндіріс кабинеттері ұйымдастырылады.

28. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқуы білім алушының жетістіктерінің талдауын ескере отырып, жартыжылдыққа құрылған жеке бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады.

Арнайы мектептердің (арнайы сынып ашқан жалпы білім беретін мектеп) педагогикалық кеңес шешімі бойынша жеңіл және орташа деңгейдегі ақыл-ой кемістігі бар балалар бірігіп оқытылады.

29. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерде екінші жылға (қайта оқыту) қалдырылмайды.

6-параграф. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы мектептер қызметінің тәртібі

30. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы мектептерге төмендегідей балалар:

1) психикалық даму тежелісі бар балалар (оның ішінде кохлеарлы импланты бар);

2) эмоциялық-ерік аясының бұзылыстары психикалық даму тежелісімен үйлесетін аутистикалық спектрлық бұзылыстары бар балалар (сыныпта екі баладан артық емес) қабылданады.

31. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы мектептерде Санитариялық қағидаларға сәйкес 12 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

32. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы мектептерде (сыныптарда) сыныптардың жинақталуы оқудың бастауыш деңгейінде – мектепалды даярлық сыныбында, 1-сыныпта, ерекше ретінде 2-сыныпта жүзеге асырылады.

Он екі жастан кейін балаларда психикалық даму тежелесі шекаралық зерде жеткіліксіздігі ретінде белгіленеді.

33. Оқу күнінің ұзақтығы балалардың шамадан тыс шаршауын ескере отырып белгіленеді: ұзартылған күн тәртібінде бірінші ауысымда оқыту.

7-параграф. Эмоциялық-ерік аясында және мінез-құлқында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептер қызметінің тәртібі

34. Эмоциялық-ерік аясында және мінез-құлқында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерге Эмоциялық-ерік аясының және мінез-құлығының бұзылыстары бар балалар, оның ішінде аутистикалық спектрлық бұзылыстары балалар қабылданады.

35. Эмоциялық-ерік аясында және мінез-құлқында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерде Санитариялық қағидаларға сәйкес 12 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

36. Арнайы мектептің (сыныптың) контингентін жинақтау және оқу-тәрбие процесі білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жүзеге асырылады.

37.Түзету жұмысының мазмұны кешенді медициналық-психологиялық-педагогикалық сипатта болады. Балаларды түзете-дамыта оқыту мен тәрбиелеуді психолог, дефектолог, мұғалім-логопед іске асырады.

8-параграф. Осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар санаттарын біріктіретін арнайы мектептер қызметінің тәртібі

38. Осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар санаттарын біріктіретін арнайы мектептердің (сыныптардың) контингенті осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар санаттарынан Санитариялық қағидаларға сәйкес 6 баладан артық емес толықтыруымен қалыптастырылады.

39. "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу мен оқыту арнайы білім беру жағдайлары арқылы заттармен (оның ішінде қарулық) практикалық әрекеттерді ұйымдастыру, арнайы техникалық құралдарды қолдану (дыбыс күшейткіш аппаратура, зағип-саңыраулардың қарым-қатынасы үшін телетакторлар, тифлотехникалық құралдар), адамдар қоршауына кіретін заттармен іс-әрекеттің әлеуметтік тәсілдерін және білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға іс-әрекет бағыттылығын қамтиды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығына 4-қосымша
--

Арнайы мектеп-интернаттар қызметінің үлгілік қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы арнайы мектеп-интернаттар қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) арнайы мектеп-интернаттар қызмет тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай түсініктер қолданылады:

1) арнайы мектеп-интернаттар – техникалық және өзге де көмекші құралдарды, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және кемтар балалардың білім беру бағдарламаларын игеруі онсыз мүмкін болмайтын өзге де қызметтерді қоса алғанда, арнаулы білім алу үшін жасалатын жағдайларды қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары;

- 2) балалардағы амблиопия – функционалды (қайтарылатын) көру өткірлігінің төмендеуі;
- 3) балалардағы қылилық – фиксацияның бірлескен нүктесінен бір көздің көру сызығының ауытқуы;
- 4) балалардың зерде бұзылыстары – мидың органикалық зақымдануынан (тумысынан немесе жүре пайда болған) болған танымдық қызметінің тұрақты бұзылуы;
- 5) балалардың психикалық дамуының тежелуі – тегі церебралды-органикалық, конституционалды, соматогенді және психогенді танымдық және эмоциялық-ерік аясы қалыптасуының тежелуі;
- 6) балалардың сөйлеу қабілетінің ауыр тежелуі – алалиямен, афазиямен, дизартриямен, ринолалиямен, тұтығумен шартталған 1-2 деңгейдегі сөйлеу қабілетінің жалпы дамымауы;
- 7) балалардың Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары – Тірек-қозғалыс аппаратында әртүрлі тумысынан және жүре пайда болған патологиясы;
- 8) балалардың эмоционалды-ерік аясының және мінез-құлығының бұзылыстары – басқа адаммен өзара іс-әрекетін, ойының, сезімдерінің, мінез-құлық әсерлерін есепке алуды талап ететін мінез-құлықтың жоғарғы әлеуметтендірілген нысандары дамуының бұзылуы немесе тежелуі;
- 9) естімейтін балалар – сөйлеу қабілетін және оны қабылдау өз бетімен игеру мүмкінсіз кезіндегі есту қабілетін тұрақты жоғалтқан балалар;
- 10) кейіннен естімей қалған балалар – есту қабілеті бұзылған кезде сөйлеу қабілеті қалыптасқан балалар;
- 11) кохлеарлы имплант – нейросенсорлы (сенсоневралды) саңыраулықтың айқын немесе ауыр деңгейі бар балалардың жоғалтқан естуін орнын толтыруға мүмкіндік беретін протез;
- 12) көрмейтін балалар – жарыққа сезімі бар немесе қалдық көру қабілеті бар (жақсы көретін көзінде 0,04-ке дейінгі қалдық көруімен), көру сезімдері жоқ балалар;
- 13) нашар еститін балалар – өз бетімен сөздік қорын көбейту және сөйлеуді қабылдау мүмкін кездегі есту қабілетінің тұрақты төмендеуі бар балалар;
- 14) нашар көретін балалар – түзетумен жақсы көретін көзінің 0,05-тен 0,4-ке дейінгі көру өткірлігімен;
- 15) ринолалия – сөйлеу тілі аппараты құрылысының кемістіктерімен және әрекет етуімен шартталған артикуляция мен дауыс жасаудың бұзылыстары;

16) ринофония – мұрын-жұтқыншақ, тілшік және таңдай кемістіктері немесе бұзылыстары салдарынан дауыс-тыныс алу ағымының дұрыс емес бағыты туындайтын дауыстың мұрындық реңкі.

3. Арнайы мектеп-интернаттар:

1) көру қабілетінің бұзылыстары бар балалар үшін;

2) есту қабілетінің бұзылыстары бар балалар үшін;

3) сөйлеу қабілетінің ауыр бұзылыстары бар балалар үшін;

4) Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балалар үшін;

5) зерде бұзылыстары бар балалар үшін;

6) психикалық дамуы тежелген балалар үшін;

7) эмоционалды-ерік аясы және мінез-құлығы бұзылған балалар үшін;

8) осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар санаттарын біріктірген кезде құрылады.

4. Арнайы мектеп-интернаттарға балаларды қабылдау "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңына сәйкес психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (бұдан әрі – ПМПК) қорытындысы негізінде жүргізіледі.

5. Арнайы мектеп-интернаттар болмаған кезде жалпы білім беретін мектептерде осы Қағидалардың 3-тармағы, 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар үшін арнайы сыныптар құрылады.

6. Арнайы мектеп-интернаттағы оқу сабақтар кестесі "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысына сәйкес арнайы мектептің әкімшілігімен әзірленеді және бекітіледі.

7. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу негізгі мектепте оқу мерзімін ұзартуына байланысты оқу материалдарын өзгертіп және қайта бөліп Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бекітілген үлгілік оқу жоспарларына, "Жалпы білім беру

ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру жалпы білім беру оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Қажет болған жағдайда арнайы мектеп-интернаттардың педагогтары түзету сабақтарын ұйымдастыру мәселелері бойынша ата-аналар (заңды өкілдер) үшін кеңес беруді жүргізеді.

2-тарау. Арнайы мектеп-интернаттар қызметінің тәртібі

1-параграф. Көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттар қызметінің тәртібі

9. Көру қабілетінің бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарға:

1) көрмейтіндер (мүлдем көрмейтіндер), кейіннен көрмей қалғандар;

2) көрмейтіндер – жарыққа сезімі бар немесе қалдық көру қабілеті бар (жақсы көретін көзінде 0,04-ке дейінгі қалдық көруімен), көру сезімдері жоқ балалар;

3) жарыққа сезімі бар;

4) түзетумен жақсы көретін көзінің 0,04-ке дейінгі қалдық көруімен;

5) оптикалық түзетумен жақсы көретін көзінде 0,05-тен 0,4-ке дейінгі көру өткірлігімен

6) плеоптикалық емге мұқтаж оптикалық түзету жағдайынағы жақсы көретін көзінде көру өткірлігі 0,7-ге дейінгі амблиопиясымен (дисбинокулярлық, рефракциялық, обскурациялық);

7) ортоптикалық-хирургиялық-ортоптикалық немесе тек ортоптикалық ем талап етілетін қылилықпен;

8) көру қабілетінің бұзылыстары және кохлеарлы импланты бар балалар қабылданады.

10. Көру қабілетінің бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарда " Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 179 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10275 болып тіркелген) (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) сәйкес:

1) көрмейтіндер 8 баладан артық емес;

2) нашар көретіндер – 10 баладан артық емес;

3) амблиопия және қылилығы бар балалар 10 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

11. Көру қабілетінің бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарда толықтыруы жеткіліксіз болған жағдайда көрмейтін, нашар көретін, амблиопиясымен, қылилықпен балалар біріктіріп оқытылады.

12. Балаларды арнайы мектеп-интернатқа жолдау үшін офтальмологиялық көрсеткіштер офтальмологиялық зерттеу негізінде жеке қойылады.

13. Көру қабілетінің бұзылыстары бар білім алушылар "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес жалпы білім беретін мектепке оқытудың кез келген уақытында ауыстырылады.

14. Көрмейтін білім алушылардың оқыту кезінде жалпы білім беретін мектептердің Брайль шрифтімен басылып шығарылған оқулықтары, оқу құралдары және әдебиеті пайдаланылады.

Нашар көретін білім алушылардың оқыту кезінде жалпы білім беретін мектептердің үлкейтілген шрифтімен басылып және арнайы жасалған суреттермен шығарылған оқулықтар, оқу құралдар және әдебиет пайдаланылады.

2-параграф. Есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттар қызметінің тәртібі

15. Есту қабілетінің бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарға :

1) қатты дауыс әсер етпейтін;

2) қатты дауыс әсер ететін;

3) құлақ қалқаны алдында сөйлеу тілі дауысының қаттылығы әсер ететін;

4) сөйлеу тілі аумағында есту қабілетінен 90 децибелден аса орташа айырылған құлақ қалқаны жанында жоғары дауыс қаттылығымен дыбысталған кейбір сөйлеу тілі дыбыстарын (а, о, у, р) ажырататын;

5) сөйлеу тілі аумағындағы 40-тан 80 децибелге дейін және одан жоғарыны құрайтын есту қабілетінен орташа мөлшерде айрылған естімейтін, нашар еститін және кейіннен естімей қалған;

6) мектепке дейінгі жаста есту қабілетінен айырылған, бірақ елеулі бұзылыстармен сөйлеу тілі сақталған;

7) сөйлеу тілі аумағында есту қабілетінен 80-нен 90 децибелге дейін айрылған (диагностикалық (сынама) оқыту рұқсат етіледі);

8) есту қабілетінен 40-тан 80 децибелге дейін айырылған кезде сөйлеудің қабылдауы бұзылған және есту (аудиторлық) нейропатиясы бар;

9) төменгі қабылдау деңгейі мен белсенді сөйлеу тілінің дамуына ие кохлеарлы импланты бар балалар қабылданады.

16. Есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарда Санитариялық қағидаларға сәйкес:

1) естімейтіндер 8 баладан артық емес;

2) нашар еститіндер және кейіннен естімей қалғандар – 10 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

17. Есту қабілетін және сөйлеуді дамыту бойынша жеке сабақтар оқу күні бойы және сабақтан тыс уақытта жүргізіледі.

3-параграф. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттар қызметінің тәртібі

18. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарға :

1) алалиямен, афазиямен, дизартриямен (анартриямен), ринолалиямен, 1-2 дәрежедегі саңыраулық пен және басқа да сөйлеу қабілетінің бұзылыстарымен шартталған 1-2 деңгейдегі сөйлеу тілінің жалпы дамымауымен;

2) ринолалиямен, ринофониямен, ауыр деңгейдегі тұтығумен, жазбаша сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстарымен (аграфия, дисграфия, алексия, дислексия);

3) алғашқы зерде сақталуы кезінде сөйлеу тілі бұзылыстары бар аутистикалық спектрлік бұзылыстары бар;

4) кохлеарлы импланты бар балалар қабылданады.

Әртүрлі ауыр емес ауызша (фонетикалық және фонетикалық-фонематикалық сөйлеу тілі жеткіліксіздігі, қатты білінбейтін сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, жеңіл түрдегі тұтығу) және жазбаша (дисграфия, дислексия, дизорфография) сөйлеу тілінің кемістіктері бар балалар ПМПК қорытындысының негізінде логопедиялық пунктке, психологиялық-педагогикалық түзету кабинетіне, оңалту орталығына жолданады.

19. Сөйлеу қабілетінде кемістіктері бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарда Санитариялық қағидаларға сәйкес 12 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

20. Сөйлеу режимін сақтап барлық сабақтарда және сабақтан тыс кезде арнайы логопедиялық және түзеу-педагогикалық қолдау көрсетіледі.

4-параграф. Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттар қызметінің тәртібі

21. Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарға:

- 1) жеке көмекті талап етпейтін өз бетінше қозғалатын;
- 2) арнайы қозғалу және (немесе) техникалық компенсаторлық (көмекші) құралдардың көмегімен қозғалатын;
- 3) өз бетінше қозғалмайтын;
- 4) тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар кохлеарлы имплантты балалар қабылданады.

22. Тірек қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарда Санитариялық қағидаларға сәйкес 8 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

23. Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балалар үшін арнайы ұйымдастырылған қозғалыс режимі сақталады. Түзеу-педагогикалық қолдау логопедиялық, емдік дене шынықтыру, ортопедиялық жұмыс, физиотерапиялық процедуралардан құрылған.

24. Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балалар арналған арнайы мектеп-интернаттарда, сондай-ақ арнайы сыныптар ашқан жалпы білім беретін мектептерде Санитариялық қағидаларға сәйкес ортаны әлеуметтік бейімдеу үшін және түзеу жұмысын жүргізу қажетілігі пандустардың, кең есіктердің, мүгедек арбасы көтергішінің, баспалдақ жанындағы көтергіштің, автоматты түрде ашылатын есіктердің, сондай-ақ арнайы жабдықталған емдік дене шынықтыру, емдік процедураларды өткізу (массаж, физиотерапиялық процедуралар) кабинеттерінің болуын қарастырады.

Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балалар арнайы мектеп-интернаттар, сондай-ақ арнайы сыныптар ашқан жалпы білім беретін мектептер жанындағы аумақтар және ғимараттарының қолжетімділігі "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес қамтамасыз етіледі.

5-параграф. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттар қызметінің тәртібі

25. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарға :

- 1) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар;

2) үш жастан кейін пайда болған инфекциялық, улы, травматикалық және басқа да аурулармен шартталған зерде жеткіліксіздігі (жеңіл ақыл-ойы кемістігіне теңелген);

3) эпилептикалық, шизофрениялық ақыл-ой әлсіздігімен, жеңіл ақыл-ой кемістігі барге теңелетін зерде жеткіліксіздігі бар аутистикалық спектрлық бұзылулар;

4) орташа ақыл-ой кемістігі бар және оған теңелген әр түрлі генездегі зерде жеткіліксіздігі бар балалар қабылданады.

26. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерде Санитариялық қағидаларға сәйкес:

1) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар 10 баладан артық емес;

2) қлалыпты ақыл-ой кемістігі бар 6 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

27. Арнайы мектептің мектепалды даярлық сыныбына оқуға даярлығы жеткіліксіз деңгейдегі балалар қабылданады. Бірінші сыныпқа жетіден тоғыз жасқа дейінгі балалар қабылданады.

Материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік жағдайлар болған кезде арнайы мектеп-интернаттарда (арнайы сынып ашқан жалпы білім беретін мектептерде) тереңдетілген еңбек даярлығы бар оқу-өндіріс кабинеттері ұйымдастырылады.

28. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқуы білім алушының жетістіктерінің талдауын ескере отырып, жартыжылдыққа құрылған жеке бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады.

Арнайы мектеп-интернаттарда педагогикалық кеңес шешімі бойынша жеңіл және орташа деңгейдегі ақыл-ой кемістігі бар балалар бірігіп оқытылады.

29. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарда екінші жылға (қайта оқыту) қалдырылмайды.

6-параграф. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы мектептер қызметінің тәртібі

30. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарға:

1) психикалық даму тежелісі бар балалар (оның ішінде кохлеарлы импланты бар);

2) эмоциялық-ерік аясының бұзылыстары психикалық даму тежелісімен үйлесетін аутистикалық спектрлық бұзылыстары бар балалар (сыныпта екі баладан артық емес) қабылданады.

31. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарда Санитариялық қағидаларға сәйкес 12 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

32. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы мектептерде сыныптардың жинақталуы оқудың бастауыш деңгейінде – мектепалды даярлық сыныбында, 1-сыныпта, ерекше ретінде 2-сыныпта жүзеге асырылады.

Он екі жастан кейін балаларда психикалық даму тежелісі шекаралық зерде жеткіліксіздігі ретінде белгіленеді.

33. Оқу күнінің ұзақтығы балалардың шамадан тыс шаршауын ескере отырып белгіленеді: ұзартылған күн тәртібінде бірінші ауысымда оқыту.

7-параграф. Эмоциялық-ерік аясында және мінез-құлқында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттар қызметінің тәртібі

34. Эмоциялық-ерік аясында және мінез-құлқында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарға Эмоциялық-ерік аясында және мінез-құлқында бұзылыстары бар балалар, оның ішінде аутистикалық спектрлық бұзылыстары балалар қабылданады.

35. Эмоциялық-ерік аясында және мінез-құлқында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарда Санитариялық қағидаларға сәйкес 12 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

36. Арнайы мектеп-интернаттың контингентін жинақтау және оқу-тәрбие процесі білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жүзеге асырылады.

37. Түзету жұмысының мазмұны кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық сипатта болады. Балаларды түзете-дамыта оқыту мен тәрбиелеуді психолог, дефектолог, мұғалім-логопед іске асырады.

8-параграф. Осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар санаттарын біріктіретін арнайы мектептер қызметінің тәртібі

38. Осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар санаттарын біріктіретін арнайы мектеп-интернаттар контингенті осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар санаттарынан Санитариялық қағидаларға сәйкес 6 баладан артық емес толықтыруымен қалыптастырылады.

39. "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу мен оқыту арнайы білім беру жағдайлары арқылы заттармен (оның ішінде қарулық) практикалық әрекеттерді ұйымдастыру, арнайы техникалық құралдарды қолдану (дыбыс күшейткіш аппаратура, зағип-саңыраулардың қарым-қатынасы үшін телетакторлар, тифлотехникалық құралдар), адамдар қоршауына кіретін заттармен іс-әрекеттің әлеуметтік тәсілдерін және білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға іс-әрекет бағыттылығын қамтиды.

"Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендері қызметінің үлгілік қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендері қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, " балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендері қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай түсініктер қолданылады:

1) "балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендері – екі жастан он сегіз жасқа дейінгі ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды арнайы жағдайлармен, техникалық құралдармен, сондай-ақ, медициналық, және басқа да қызметтермен, арнайы бағдарламалар мен оқыту және тәрбиелеу әдістерін, диагностика мен кеңес беруді қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары;

2) балалардағы амблиопия – функционалды (қайтарылатын) көру өткірлігінің төмендеуі;

3) балалардағы қылилық – фиксацияның бірлескен нүктесінен бір көздің көру сызығының ауытқуы;

4) балалардың зерде бұзылыстары – мидың органикалық зақымдануынан (тумысынан немесе жүре пайда болған) болған танымды қызметінің тұрақты бұзылуы;

5) балалардың психикалық дамуының тежелуі – тегі церебралды-органикалық, конституционалды , соматогенді и психогенді танымды және эмоциялық-ерік аясы қалыптасудың тежелуі;

6) балалардың сөйлеу қабілетінің ауыр тежелуі - алалиямен, афазиямен, дизартриямен, ринологиямен, тұтығумен шартталған 1-2 деңгейдегі сөйлеу қабілетінің жалпы дамымауы;

7) балалардың Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары – Тірек-қозғалыс аппаратында әртүрлі тумысынан және жүре пайда болған патологиясы;

8) балалардың эмоционалды-ерік аясының және мінез-құлығының бұзылыстары - басқа адаммен өзара іс-әрекетін, ойының, сезімдерінің, мінез-құлық әсерлерін есепке алуды талап ететін мінез-құлықтың жоғарғы әлеуметтендірілген нысандары дамуының бұзылу немесе тежелуі;

9) естімейтін балалар – сөйлеу қабілетін және оны қабылдау өз бетімен игеру мүмкінсіз кезіндегі есту қабілетін тұрақты жоғалтқан балалар;

10) кейіннен естімей қалған балалар – есту қабілеті бұзылған кезде сөйлеу қабілеті қалыптасқан балалар;

11) кохлеарлы имплант – нейросенсорлы (сенсоневралды) саңыраулықтың айқын немесе ауыр деңгейі бар балалардың жоғалтқан естуін орнын толтыруға мүмкіндік беретін протез;

12) көрмейтін балалар – жарыққа сезімі бар немесе қалдық көру қабілеті бар (жақсы көретін көзінде 0,04-ке дейінгі қалдық көруімен), көру сезімдері жоқ балалар;

13) нашар еститін балалар – өз бетімен сөздік қорын көбейту және сөйлеуді қабылдау мүмкін кездегі есту қабілетінің тұрақты төмендеуі бар балалар;

14) нашар көретін балалар – түзетумен жақсы көретін көзінің 0,05-тен 0,4-ке дейінгі көру өткірлігімен;

15) ринолалия – сөйлеу тілі аппараты құрылысының кемістіктерімен және әрекет етуімен шартталған артикуляция мен дауыс жасаудың бұзылыстары;

16) ринофония – мұрын-жұтқыншақ, тілшік және таңдай кемістіктері немесе бұзылыстары салдарынан дауыс-тыныс алу ағымының дұрыс емес бағыты туындайтын дауыстың мұрындық реңкі.

3. "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендері:

1) көру қабілетінің бұзылыстары бар балалар үшін;

2) есту қабілетінің бұзылыстары бар балалар үшін;

3) Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балалар үшін;

4) сөйлеу қабілетінің ауыр бұзылыстары бар балалар үшін;

5) зерде бұзылыстары бар балалар үшін;

6) психикалық дамуы тежелген балалар үшін;

7) эмоционалды-ерік аясы және мінез-құлығы бұзылған балалар үшін;

8) осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар санаттарын біріктірген кезде құрылады.

4. "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендеріне балаларды қабылдау "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңына сәйкес психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (бұдан әрі – ПМПК) қорытындысы негізінде жүргізіледі.

5. "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендері болмаған кезде жалпы білім беретін мектептерде осы Қағидалардың 3-тармағы, 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар үшін арнайы сыныптар құрылады.

6. "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендеріндегі оқу сабақтар кестесі "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысына сәйкес "балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендерінің әкімшілігімен әзірленеді және бекітіледі.

7. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу негізгі мектепте оқу мерзімін ұзартуына байланысты оқу материалдарын өзгертіп және қайта бөліп Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бекітілген үлгілік оқу жоспарларына, "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру жалпы білім беру оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Қажет болған жағдайда "балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендерінің педагогтары түзету сабақтарын ұйымдастыру мәселелері бойынша ата-аналар (заңды өкілдер) үшін консультация жүргізеді.

2-тарау. "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендері қызметінің тәртібі

9. Көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешеніне:

1) көрмейтіндер (мүлдем көрмейтіндер);

2) көрмейтіндер – жарыққа сезімі бар немесе қалдық көру қабілеті бар (жақсы көретін көзінде 0,04-ке дейінгі қалдық көруімен), көру сезімдері жоқ балалар;

3) көру өткірлігі жақсы көзінде 0,05 – 0,08 көру жүйесінің нашарлауына әкелетін, көру жүйесінің атрофиялық үдеуі және көруінің үдемелі төмендеуімен сипатталатын аурулар кезінде түзетуге келетін балалар;

4) патологиялық процестің формасы мен ағымына байланысты оптикалық түзету жағдайларында жақсы көретін көздегі көру өткірлігі 0,05-0,4 болатын балалар;

5) амблиопиямен (дисбинокулярлық, рефракционды, обскурациондық) оптикалық түзету жағдайына жақсы көретін көздің көру өткірлігі 0,4 ке дейін плеоптикалық емдеуді қажет ететін балалар;

6) қылилықпен ортоптикалық-хирургиялық-ортоптикалық немесе тек оптикалық емдеу қажет етілетін балалар;

7) көру қабілетінің бұзылыстары бар, кохлеарлық импланты бар балалар қабылданады;

10. Көру қабілетінің бұзылыстары бар балаларға арналған "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешенінің сыныптар "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 179 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10275 болып тіркелген) (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) сәйкес:

1) көрмейтіндер– 8 баладан артық емес;

2) нашар көретіндер – 12-ден артық емес;

3) амблиопия мен қылилығы бар – 10 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

11. Көру қабілетінің бұзылыстары бар балаларға арналған "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешенінде сыныптарда, топтарда толықтыру жеткіліксіз болған жағдайда көрмейтін, нашар көретін, амблиопиясымен, қылилықпен балалар біріктіріп оқытылады.

12. Балаларды "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешеніне жолдау үшін офтальмологиялық көрсеткіштер офтальмологиялық зерттеу негізінде жеке қойылады.

13. Көрмейтін білім алушылардың оқыту кезінде жалпы білім беретін мектептердің Брайль шрифтімен басылып шығарылған оқулықтары, оқу құралдары және әдебиеті пайдаланылады.

Нашар көретін білім алушылардың оқыту кезінде жалпы білім беретін мектептердің үлкейтілген шрифтімен басылып және арнайы жасалған суреттермен шығарылған оқулықтар, оқу құралдар және әдебиет пайдаланылады.

2-параграф. Есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған " Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешені қызметінің тәртібі

14. Есту қабілетінің бұзылыстары бар балаларға арналған "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешеніне:

1) қатты дауыс әсер етпейтін;

2) қатты дауыс әсер ететін;

3) құлақ қалқаны алдында сөйлеу тілі дауысының қаттылығы әсер ететін;

4) сөйлеу тілі аумағында есту қабілетінен 90 децибелден аса орташа айырылған құлақ қалқаны жанында жоғары дауыс қаттылығымен дыбысталған кейбір сөйлеу тілі дыбыстарын (а, о, у, р) ажырататын;

5) сөйлеу тілі аумағында есту қабілетінен 40-тан 80 децибелге дейін орташа айырылған, сөйлеу тілін (құлақ қалқанынан 3 метрге дейінгі қашықтықтағы қалыпты сөйлеу тілі қаттылығымен сөздер, фразаларды) ажырататын және есту қабілетінің жеткіліксіздігі салдарынан әртүрлі дәрежедегі сөйлеу тілінің жеткіліксіздігі бар;

6) мектепке дейінгі жаста есту қабілетінен айырылған, бірақ елеулі бұзылыстармен сөйлеу тілі сақталған;

7) сөйлеу тілі аумағында есту қабілетінен 80-нен 90 децибелге дейін айрылған (диагностикалық (сынама) оқыту рұқсат етіледі);

8) есту (аудиториялық) жүйкелік дерттер және есту қабілетінен 40-тан 80 децибелге дейін айырылған кезде сөйлеу тілін қабылдау бұзылыстары бар.

9) қабылдау (түсіну) және белсенді сөйлеу тілінің даму деңгейі төмен кохлеарлы импланты бар балалар қабылданады;

15. Диагностикалық (сынама) түзете-дамыта оқытуға:

3) сөйлеу тілі аумағында есту қабілетінен 80-нен 90 децибелге дейін айырылған;

4) есту қабілетінен 40-тан 80 децибелге дейін жеңіл дәрежеде айырылған кезде сөйлеу тілі бұзылыстарымен азап шегетін (сенсорлық компонентпен сенсоневралды саңыраулық) балалар қабылданады.

16. Санитариялық ережелерге сәйкес есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған " Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешеніне:

1) естімейтіндер - 8 баладан артық емес;

2) нашар еститін және кейіннен естімей қалғандар - 10 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

17. Есту қабілетін және сөйлеуді дамыту бойынша жеке сабақтар оқу күні бойы және сабақтан тыс уақытта жүргізіледі.

Есту қабілеті бұзылған мектепке дейінгі жастағы балалардың топтары жас және сөйлеу тілі даму деңгейіне байланысты құрылады.

18. № 499 Қаулыға сәйкес оқу-тәрбие процесі баланы психологиялық-медициналық-педагогикалық және клиникалық зерттеу мәліметтерімен шартталған саралап және жеке ықпал жасау қағидалары негізінде жүзеге асырылады. Балалардың сөйлеу, зейін, жұмыс істеу қабілетінің ерекшеліктерін, олардың даму динамикасын зерттеу оқушылардың даму болашағын анықтау және түзету жұмысының құралдарын таңдау үшін жүргізіледі. Төртінші дәрежедегі саңыраулығы бар балалардың ерекшеліктері есту қабілетінен айырылу дәрежесіне байланысты ескеріледі:

1) төменгі жиіліктерге есту сезімталдығы сақталған кезде жоғарғы жиіліктерге есту қабілетінен айырылуы; 250 Герц жиілікке есту қабілетінің төмендеуі 35 децибелден аспайды; 1000 Герцтен жоғары барлық жиілікте сөйлеу диапазонында есту қабілетінің 20 децибелге дейін одан әрі төмендеуі және есту қабілетінен кемінде 80 децибелге айырылуы кезінде;

2) төменгі жиіліктерге есту қабілетінің айтарлықтай төмендеуі кезінде жоғарғы жиіліктерге есту қабілетінен айырылуы; 250 Герцке дейінгі жиілікте есту қабілетінің төмендеуі 45-55 децибелді; жоғарғы жиіліктер аумағында есту қабілетінің төмендеуі 80-нен аса децибелді құрайды;

3) 65-тен 85 децибелге дейінгі барлық жиіліктерде есту қабілетінен біркелкі айырылуы; сөйлеу тілі бөлек былдыр сөздермен ұсынылған;

4) есту қабілетінің 90 децибелден жоғары кенеттен біркелкі төмендеуі, аталған топтың балаларында сөйлеу тілі жоқ.

3-параграф. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған " Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешені қызметінің тәртібі

19. Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларға арналған "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендеріне:

1) алалиямен, афазиямен, дизартриямен (анартриямен), ринолалиямен, 1-2 дәрежедегі саңыраулық бұзылыстарымен шартталған 1-2 деңгейдегі сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар;

2) ринолалиямен, ринофониямен, ауыр деңгейдегі тұтығумен, жазбаша сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары (аграфия, дисграфия, алексия, дислексия) бар;

3) алғашқы зерде сақталуы кезінде сөйлеу тілі бұзылыстары бар аутистикалық спектр бұзылыстары бар (бір сыныпта аутистикалық спектр бұзылысы бар 2 баладан артық емес) ;

4) кохлеарлы импланты бар балалар қабылданады.

Алалия, афазия, дизартрия, ринолалиямен, тұтығумен, 1-2 дәрежедегі саңыраулықпен шартталған 1-3 деңгейдегі сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар, сөйлеу тілі дамуының тежелуі бар мектеп жасына дейінгі балалар қабылданады.

Әртүрлі ауыр емес ауызша (фонетикалық және фонетикалық-фонематикалық сөйлеу тілі жеткіліксіздігі, айқын емес сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, жеңіл түрдегі тұтығу) және жазбаша (дисграфия, дислексия, дизорфография) сөйлеу тілінің кемістіктері бар балалар ПМПК қорытындысының негізінде логопедиялық пунктке, психологиялық-педагогикалық түзету кабинетіне, оңалту орталығына жолданады.

20. Сөйлеу қабілетінде кемістіктері бар балаларға арналған арнайы мектептерде Санитариялық қағидаларға сәйкес 12 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

21. Сөйлеу режимін сақтап барлық сабақтарда және сабақтан тыс кезде арнайы логопедиялық және түзеу-педагогикалық қолдау көрсетіледі

4-параграф. Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған " Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешені қызметінің тәртібі

22. Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған " Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешеніне:

1) жеке көмекті талап етпейтін өз бетінше қозғалатын;

2) арнайы қозғалу және (немесе) техникалық компенсаторлық (көмекші) құралдардың көмегімен қозғалатын;

3) арнайы кешенге физикалық жетушілік үшін арнайы жағдайлармен қамтамасыз етумен өз бетінше қозғалмайтын;

4) тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар кохлеарлы имплантты балалар қабылданады.

23. Тірек қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған " Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешенінде Санитариялық қағидаларға сәйкес 10 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

24. "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешенінде тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балалар үшін арнайы ұйымдастырылған қозғалыс режимі сақталады. Түзеу-педагогикалық қолдау логопедиялық, емдік дене шынықтыру, ортопедиялық жұмыс, физиотерапиялық процедуралардан құрылған

25. Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған " Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешенінде Санитариялық қағидаларға сәйкес ортаны әлеуметтік бейімдеу үшін және түзеу жұмысын жүргізу қажетілігі пандустардың, кең есіктердің, мүгедек арбасы көтергішінің, баспалдақ жанындағы көтергіштің, автоматты түрде ашылатын есіктердің, сондай-ақ арнайы жабдықталған емдік дене шынықтыру, емдік процедураларды өткізу (массаж, физиотерапиялық процедуралар) кабинеттерінің болуын қарастырады.

Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешені, сондай-ақ тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы

сыныптар ашқан жалпы білім беретін мектептер жанындағы аумақтар және ғимараттарының қолжетімділігі сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы әрекеттегі мемлекеттік нормативтерге, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес қамтамасыз етіледі.

5-параграф. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешені қызметінің тәртібі

26. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендеріне:

1) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар;

2) үш жастан кейін пайда болған инфекциялық, улы, травматикалық және басқа да аурулармен шартталған зерде жеткіліксіздігі (жеңіл ақыл-ойы кемістігіне теңелген);

3) эпилептикалық, шизофрениялық ақыл-ой әлсіздігімен, жеңіл ақыл-ой кемістігіне теңелетін зерде жеткіліксіздігі бар аутистикалық спектр бұзылыстары;

4) орташа ақыл-ой кемістігі бар және оған теңелген әр түрлі генездегі зерде жеткіліксіздігі бар;

5) Зерде бұзылыстарымен қатар аутистикалық спектрлық бұзылыстары бар балалар қабылданады.

27. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендерінде Санитариялық қағидаларға сәйкес:

1) жеңіл ақыл-ой кемістігімен – 12 баладан артық емес;

2) ауыр ақыл-ой кемістігімен – 10 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

28. "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендерінде мектепалды даярлық сыныбына оқуға даярлығы жеткіліксіз деңгейдегі балалар қабылданады. Бірінші сыныпқа жетіден тоғыз жасқа дейінгі балалар қабылданады. Тиісті материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік жағдайлар болған кезде зерде бұзылыстары бар балаларға "балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендерде тереңдетілген еңбек даярлығы бар оқу-өндіріс кабинеттері ұйымдастырылады.

29. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқуы білім алушының жетістіктерінің талдауын ескере отырып, жартыжылдыққа құрылған жеке бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады.

Педагогикалық кеңестің шешімі бойынша жеңіл және орташа деңгейдегі ақыл-ой кемістігі бар балалар бірігіп оқытылады.

30. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендерінде екінші жылға (қайта оқытуға) қалдырылмайды

6-параграф. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешен қызметінің тәртібі

31. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған "балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендеріне:

1) психикалық және сөйлеу тілі даму тежелісі бар;

2) психикалық даму тежелісі бар балалар (оның ішінде кохлеарлы импланты бар);

3) психикалық даму тежелісімен бірге аутистикалық спектр бұзылыстары бар балалар (сыныпта немесе топта аутистикалық спектр бұзылыстары бар екі баладан артық емес) қабылданады.

32. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған "балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендерінде: Санитариялық қағидаларға сәйкес 12 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

33. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған "балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендерінде сыныптардың жинақталуы оқудың бастауыш деңгейінде – мектепалды даярлық сыныбында, 1-сыныпта, ерекше ретінде 2-сыныпта жүзеге асырылады.

Он екі жастан кейін балаларда психикалық даму тежелуі шекаралық зерде жеткіліксіздік ретінде белгіленеді.

34. Оқу күнінің ұзақтығы балалардың шамадан тыс шаршауын ескере отырып белгіленеді: ұзартылған күн тәртібінде бірінші ауысымда оқыту

7-параграф. Эмоциялық-ерік аясында және мінез-құлқында бұзылыстары бар балаларға арналған "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешен қызметінің тәртібі

35. "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендерінің контингентін жинақтау және оқу-тәрбие процесі білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

36. Түзету жұмысының мазмұны кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық сипатта болады. Балаларды түзете-дамыта оқыту мен тәрбиелеуді психолог, дефектолог, мұғалім-логопед жүзеге асырады.

8-параграф. Осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар санаттарын біріктіретін "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешен қызметінің тәртібі

37. Осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар санаттарын біріктіретін "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешенінің контингенті осы

Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар санаттарынан Санитариялық қағидаларға сәйкес 6 баладан артық емес толықтыруымен қалыптастырылады .

38. "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу мен оқыту арнайы білім беру жағдайлары арқылы заттармен (оның ішінде қарулық) практикалық әрекеттерді ұйымдастыру, арнайы техникалық құралдарды қолдану (дыбыс күшейткіш аппаратура, зағип-саңыраулардың қарым-қатынасы үшін телетакторлар, тифлотехникалық құралдар), адамдар қоршауына кіретін заттармен іс-әрекеттің әлеуметтік тәсілдерін және білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға іс-әрекет бағыттылығын қамтиды.

	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығына 6-қосымша
--	--

"Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендері қызметінің үлгілік қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендері қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендері қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай түсініктер қолданылады:

1) "мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендері - тұрғылықты жерін көрсетумен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдерге арналған бастауыш, негізгі орта, жалпы орта , техникалық және кәсіптік білімнің оқу бағдарламаларын іске асыру үшін тиісті материалды-техникалық және оқу-әдістемелік шарттары бар білім беру ұйымдары.

2) балалардағы амблиопия – функционалды (қайтарылатын) көру өткірлігінің төмендеуі;

3) балалардағы қылилық – фиксацияның бірлескен нүктесінен бір көздің көру сызығының ауытқуы;

4) балалардың зерде бұзылыстары – мидың органикалық зақымдануынан (тумысынан немесе жүре пайда болған) болған танымды қызметінің тұрақты бұзылуы;

5) балалардың психикалық дамуының тежелуі – тегі церебралды-органикалық, конституционалды , соматогенді и психогенді танымды және эмоциялық-ерік аясы қалыптасудың тежелуі;

6) балалардың сөйлеу қабілетінің ауыр тежелуі - алалиямен, афазиямен, дизартриямен, ринолалиямен, тұтығумен шартталған 1-2 деңгейдегі сөйлеу қабілетінің жалпы дамымауы;

7) балалардың тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары - тірек-қозғалыс аппаратында әртүрлі тумысынан және жүре пайда болған патологиясы;

8) балалардың эмоционалды-ерік аясының және мінез-құлығының бұзылыстары - басқа адаммен өзара іс-әрекетін, ойының, сезімдерінің, мінез-құлық әсерлерін есепке алуды талап ететін мінез-құлықтың жоғарғы әлеуметтендірілген нысандары дамуының бұзылу немесе тежелуі;

9) естімейтін балалар - сөйлеу қабілетін және оны қабылдау өз бетімен игеру мүмкінсіз кезіндегі есту қабілетін тұрақты жоғалтқан балалар;

10) кейіннен естімей қалған балалар - есту қабілеті бұзылған кезде сөйлеу қабілеті қалыптасқан балалар;

11) кохлеарлы имплант - нейросенсорлы (сенсоневралды) саңыраулықтың айқын немесе ауыр деңгейі бар балалардың жоғалтқан естуін орнын толтыруға мүмкіндік беретін протез;

12) көрмейтін балалар - жарыққа сезімі бар немесе қалдық көру қабілеті бар (жақсы көретін көзінде 0,04-ке дейінгі қалдық көруімен), көру сезімдері жоқ балалар;

13) нашар еститін балалар - өз бетімен сөздік қорын көбейту және сөйлеуді қабылдау мүмкін кездегі есту қабілетінің тұрақты төмендеуі бар балалар;

14) нашар көретін балалар - түзетумен жақсы көретін көзінің 0,05-тен 0,4-ке дейінгі көру өткірлігімен;

15) ринолалия - сөйлеу тілі аппараты құрылысының кемістіктерімен және әрекет етуімен шартталған артикуляция мен дауыс жасаудың бұзылыстары;

16) ринофония - мұрын-жұтқыншақ, тілшік және таңдай кемістіктері немесе бұзылыстары салдарынан дауыс-тыныс алу ағымының дұрыс емес бағыты туындайтын дауыстың мұрындық реңкі.

3. "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендері:

1) көру қабілетінің бұзылыстары бар балалар үшін;

2) есту қабілетінің бұзылыстары бар балалар үшін;

3) сөйлеу қабілетінің ауыр бұзылыстары бар балалар үшін;

4) Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балалар үшін;

5) зерде бұзылыстары бар балалар үшін;

6) психикалық дамуы тежелген балалар үшін;

7) Эмоциялық-ерік аясы және мінез-құлығы бұзылған балалар үшін;

8) осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 6) тармақшаларында көрсетілген балалар санаттарын біріктірген кезде құрылады.

4. "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендеріне қабылдау психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (бұдан әрі – ПМПК) қорытындысы және ата-анасының немесе олардың өкілеттерінің өтініші негізінде жүргізіледі.

5. "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендерде оқу сабақтар кестесі "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысына (бұдан әрі - № 499 қауылы) сәйкес арнайы мектептің әкімшілігімен әзірленеді және бекітіледі.

6. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу негізгі мектепте оқу мерзімін ұзартуына байланысты оқу материалдарын өзгертіп және қайта бөліп Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бекітілген үлгілік оқу жоспарларына, "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру жалпы білім беру оқу бағдарламаларына, 2016 жылдың 22 ақпандағы Білім және ғылым министрінің № 72 "2015 жылдың 15 маусымдағы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылдың 15 маусымдағы № 384 "Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беру оқу бағдарламаларын бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тізілімінде № 13260 болып тіркелген) бекітілген үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Қажет болған жағдайда арнайы мектептердің педагогтары түзету сабақтарын ұйымдастыру мәселелері бойынша ата-аналар (заңды өкілдер) үшін консультация жүргізеді.

2-тарау. "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендері қызметінің тәртібі

1-параграф. Көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендері қызметінің тәртібі

8. Көру қабілетінің бұзылыстары бар балаларға арналған "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендеріне :

- 1) көрмейтіндер (мүлдем көрмейтіндер), кейіннен көрмей қалғандар;
- 2) көрмейтіндер – жарыққа сезімі бар немесе қалдық көру қабілеті бар (жақсы көретін көзінде 0,04-ке дейінгі қалдық көруімен), көру сезімдері жоқ балалар;
- 3) жарыққа сезімі бар;
- 4) түзетумен жақсы көретін көзінің 0,04-ке дейінгі қалдық көруімен;
- 5) оптикалық түзетумен жақсы көретін көзінде 0,05-тен 0,4-ке дейінгі көру өткірлігімен, формасы мен патологиялық барысына қарай;
- 6) плеоптикалық емге мұқтаж оптикалық түзету жағдайынағы жақсы көретін көзінде көру өткірлігі 0,7-ге дейінгі амблиопиясы бар (дисбинокулярлық, рефракциялық, обскурациялық);
- 7) ортоптикалық-хирургиялық-ортоптикалық немесе тек ортоптикалық ем талап етілетін қылилығы бар;
- 8) көру қабілетінің бұзылыстарымен бәрге кохлеарлы импланты бар балалар қабылданады.

9. Көру қабілетінің бұзылыстары бар балаларға арналған "мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендерге "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 179 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10275 болып тіркелген) (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) сәйкес:

- 1) көрмейтіндер 8 баладан артық емес;
- 2) нашар көретіндер және кейіннен көрмей қалғандар – 10 баладан артық емес;
- 3) амблиопия және қылилығы бар балалар 10 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

10. Көру қабілетінің бұзылыстары бар балаларға арналған "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендеріндегі (сыныптарда) сыныптарда толықтыруы жеткіліксіз болған жағдайда көрмейтін, нашар көретін, амблиопиясымен, қылилықпен балалар біріктіріп оқытылады.

11. Балаларды "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендеріне (сыныпқа) жолдау үшін офтальмологиялық көрсеткіштер офтальмологиялық зерттеу негізінде қатаң түрде жеке қойылады.

12. Көрмейтін білім алушылардың оқыту кезінде жалпы білім беретін мектептердің Брайль шрифтімен басылып шығарылған оқулықтары, оқу құралдары және әдебиеті пайдаланылады.

Нашар көретін білім алушылардың оқыту кезінде жалпы білім беретін мектептердің үлкейтілген шрифтімен басылып және арнайы жасалған суреттермен шығарылған оқулықтар, оқу құралдар және әдебиет пайдаланылады.

2-параграф. Есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған " Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендері қызметінің тәртібі

13. Есту қабілетінің бұзылыстары бар балаларға арналған "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендеріне:

1) қатты дауыс әсер етпейтін;

2) қатты дауыс әсер ететін;

3) құлақ қалқаны алдында сөйлеу тілі дауысының қаттылығы әсер ететін;

4) сөйлеу тілі аумағында есту қабілетінен 90 децибелден аса орташа айырылған құлақ қалқаны жанында жоғары дауыс қаттылығымен дыбысталған кейбір сөйлеу тілі дыбыстарын (а, о, у, р) ажырататын;

5) сөйлеу тілі аумағында есту қабілетінен 40-тан 80 децибелге дейін орташа айырылған, сөйлеу тілін (құлақ қалқанынан үш метрге дейінгі қашықтықтағы қалыпты сөйлеу тілі қаттылығының сөздерін, фразаларын) ажырататын және сөйлеу тілінің жеткіліксіздігінің әртүрлі дәрежесінде есту қабілетінің жеткіліксіздігі салдарынан азап шегетін;

6) мектепке дейінгі жаста есту қабілетінен айырылған, бірақ елеулі бұзылыстармен сөйлеу тілі сақталған;

7) сөйлеу тілі аумағында есту қабілетінен 80-нен 90 децибелге дейін айрылған (диагностикалық (сынама) оқыту рұқсат етіледі);

8) есту қабілетінен 40-тан 80 децибелге дейін айырылған кезде сөйлеудің қабылдауы бұзылған және есту (аудиторлық) нейропатиясы бар;

9) төменгі қабылдау деңгейі мен белсенді сөйлеу тілінің дамуына ие кохлеарлы импланты бар балалар қабылданады.

14. Есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендерінің сыныптары, топтары Санитариялық қағидаларға әйкес:

1) естімейтіндер - 8 баладан артық емес;

2) нашар еститіндер және кейіннен естімей қалғандар – 10 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

15. Ақыл-ой кемістігі бар естімейтін және нашар еститін балалар зерде бұзылыстары бар балаларға арналған бағдарламалар мен оқулықтар және есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған бағдарламалар мен оқулықтар бойынша оқытылады.

Есту қабілетін және сөйлеуді дамыту бойынша жеке сабақтар оқу күні бойы және сабақтан тыс уақытта жүргізіледі.

3-параграф. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған " Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендері қызметінің тәртібі

16. Сөйлеу қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендеріне :

1) алалиямен, афазиямен, дизартриямен (анартриямен), ринолалиямен, 1-2 дәрежедегі саңыраулықпен және басқа да сөйлеу қабілетінің бұзылыстарымен шартталған 1-2 деңгейдегі сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар;

2) ринолалия, ринофония, ауыр деңгейдегі тұтығу, жазбаша сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары (аграфия, дисграфия, алексия, дислексия) бар;

3) 1-2 деңгейдегі сөйлеу тілі бұзылыстары бар аутистикалық спектр бұзылыстары бар (1 сыныпта-аутистикалық спектрлық бұзылыстары бар 2 баладан артық емес) балалар;

4) кохлеарлы импланты бар балалар қабылданады.

17. Сөйлеу қабілетінде кемістіктері бар балаларға арналған "мектеп-интернат-колледж" арнайы кешенінде сыныптарда 12 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

18. Сөйлеу режимін сақтап барлық сабақтарда және сабақтан тыс кезде арнайы логопедиялық және түзеу-педагогикалық қолдау көрсетіледі.

4-параграф. Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған " Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендері қызметінің тәртібі

19. Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған " Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендеріне төмендегідей балалар:

1) жеке көмекті талап етпейтін өз бетінше қозғалатын;

2) арнайы қозғалу және (немесе) техникалық компенсаторлық (көмекші) құралдардың көмегімен қозғалатын;

3) "мектеп-интернат-колледж" арнайы кешеніне физикалық жетушілік үшін арнайы жағдайлармен қамтамасыз етумен өз бетінше қозғалмайтын;

4) тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар кохлеарлы имплантты балалар қабылданады.

20. Тірек қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған " мектеп-интернат-колледж" арнайы кешенінде сыныптар Санитариялық қағидаларға сәйкес 10 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

21. Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балалар үшін "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешенінде арнайы ұйымдастырылған қозғалыс режимі сақталады. Түзеу-педагогикалық қолдау логопедиялық, емдік дене шынықтыру, ортопедиялық жұмыс, физиотерапиялық процедуралардан құрылған .

22. Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балалар арналған "мектеп-интернат-колледж" арнайы кешенінде Санитариялық қағидаларға сәйкес ортаны әлеуметтік бейімдеу үшін және түзеу жұмысын жүргізу қажетілігіне байланысты пандустардың, кең есіктердің, мүгедек арбасы көтергішінің, баспалдақ жанындағы көтергіштің, автоматты түрде ашылатын есіктердің, сондай-ақ арнайы жабдықталған емдік дене шынықтыру, емдік процедураларды өткізу үшін (массаж, физиотерапиялық процедуралар) кабинеттерінің болуын қарастырады.

Тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешені жанындағы аумақтар және ғимараттарының қолжетімділігі қолжетімділігі сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы әрекеттегі мемлекеттік нормативтерге, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес қамтамасыз етіледі.

5-параграф. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендері қызметінің тәртібі

21. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешеніне :

1) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар;

2) үш жастан кейін пайда болған инфекциялық, улы, травматикалық және басқа да аурулармен шартталған зерде жеткіліксіздігі (жеңіл ақыл-ойы кемістігіне теңелген);

3) эпилептикалық, шизофрениялық ақыл-ой әлсіздігімен, жеңіл ақыл-ой кемістігіне теңелетін зерде жеткіліксіздігі бар аутистикалық спектрлық бұзылыстары;

4) орташа ақыл-ой кемістігі бар және оған теңелген әр түрлі генездегі зерде жеткіліксіздігі бар балалар қабылданады.

22. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешеніндегі сыныптарда Санитариялық қағидаларға сәйкес:

1) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар - 12 баладан артық емес;

2) ауыр ақыл-ой кемістігі бар - 10 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

23. "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешенінің мектепалды даярлық сыныбына оқуға даярлығы жеткіліксіз деңгейдегі балалар қабылданады. Бірінші сыныпқа жетіден тоғыз жасқа дейінгі балалар қабылданады.

24. Материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік жағдайлар болған кезде " Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешенінде (арнайы сынып ашқан жалпы білім беретін мектептерде) тереңдетілген еңбек даярлығы бар оқу-өндіріс кабинеттері ұйымдастырылады.

25. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқуы білім алушының жетістіктерінің талдауын ескере отырып, жартыжылдыққа құрылған жеке бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады.

Педагогикалық кеңес шешімі бойынша жеңіл және орташа деңгейдегі ақыл-ой кемістігі бар балалар бірігіп оқытылады.

26. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешеніндегі білім алушылар екінші жылға (қайта оқыту) қалдырылмайды.

6-параграф. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендері қызметінің тәртібі

27. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешеніне:

1) церебралды-органикалық, конституциялық, соматогендік және психогендік генездің психикалық даму тежелісі бар балалар (оның ішінде кохлеарлы импланты бар);

2) психикалық даму тежелісімен бірге аутистикалық спектр бұзылыстары бар балалар (топта немесе сыныпта аутистикалық спектр бұзылыстары бар екі баладан артық емес) қабылданады.

28. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешеніндегі сыныптарда Санитариялық қағидаларға сәйкес 12 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

29. Он екі жастан кейін балаларда психикалық даму тежелісі шекаралық зерде жеткіліксіздігі ретінде белгіленеді.

30. Оқу күнінің ұзақтығы балалардың шамадан тыс шаршауын ескере отырып белгіленеді: ұзартылған күн тәртібінде бірінші ауысымда оқыту.

7-параграф. Эмоциялық-ерік аясында және мінез-құлқында бұзылыстары бар балаларға арналған "мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендері қызметінің тәртібі

31. Эмоциялық-ерік аясында және мінез-құлқында бұзылыстары бар балаларға арналған " мектеп-интернат-колледж" арнайы кешеніне сыныптарда Санитариялық қағидаларға сәйкес 10 баладан артық емес толықтыруды құрайды.

32. Түзету жұмысының мазмұны кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық сипатта болады. Балаларды түзете-дамыта оқыту мен тәрбиелеуді психолог, дефектолог, мұғалім-логопед жүзеге асырады.

8-параграф. Осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар санаттарын біріктіретін "Мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендері қызметінің тәртібі

33. Осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар санаттарын біріктіретін "мектеп-интернат-колледж" арнайы кешеннің (сыныптардың) контингенті осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген балалар санаттарынан Санитариялық қағидаларға сәйкес 6 баладан артық емес толықтыруымен қалыптастырылады.

34. "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу мен оқыту арнайы білім беру жағдайлары арқылы заттармен (оның ішінде қарулық) практикалық әрекеттерді ұйымдастыру, арнайы техникалық құралдарды қолдану (дыбыс күшейткіш аппаратура, зағип-саңыраулардың қарым-қатынасы үшін телетакторлар, тифлотехникалық құралдар), адамдар қоршауына кіретін заттармен іс-әрекеттің әлеуметтік тәсілдерін және білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға іс-әрекет бағыттылығын қамтиды.

	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығына 7-қосымша
--	--

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар қызметінің үлгілік қағидалары

1-тарау. Жалпы қағидалар

1. Осы Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар (бұдан әрі - ПМПК) қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай түсініктер қолданылады:

1) психикалық бұзылыстар (аурулар) – баланың бас миы жұмысының бұзылысымен шартталған психикалық қызметінің бұзылыстары;

2) кеңес беру – туындаған проблемаларды еңсеру үшін маманның қажетті нақты іс-әрекеттер туралы ақпаратты, ұсынымдарды ұсынуы;

3) диагностикалау – аурудың немесе ақаудың болуы немесе болмауы дерегін анықтауға бағытталған көрсетілетін қызметтер кешені;

4) үйде оқыту – медициналық көрсетілімдер бойынша балаларға ұсынылған үйде оқыту формасы;

5) диагностикалық топтар – диагноз қою және оқыту мен тәрбиелеуді белгілеу мақсатында түзетуді қолдау жағдайына ұзақ динамикалық бақылау үшін қысқа мерзімде болатын топ.

3. ПМПК қызметтерінің негізгі бағыттары.

1) диагностика және кеңес беру;

2) ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаға білім беру бағдарламасын белгілеу;

3) психофизикалық бұзылыстары бар балаларды тереңдетіп тексеру, емдеу үшін, оның ішінде денсаулық жағдайы бойынша үйде оқыту қажеттілігі, медициналық қызметтерді алу мәселелерін шешу мақсатында ұйымдарға жіберу;

4) ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды, олардың арнайы білім беру қызметіне қажеттілігін есепке алу және жиынтық есеп құрастыру.

2-тарау. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар қызметінің тәртібі

4. Балалардың ПМПК-ға жіберілуі ата-аналарының (заңды өкілдерінің), білім беру ұйымдарының, денсаулық сақтау ұйымдарының бастамасымен ата-анасының (заңды өкілдерінің) келісімі арқылы жүзеге асырылады.

5. ПМПК-ға балаларды қабылдау алдын ала тіркеу бойынша ата-аналарының (заңды өкілдерінің) бірге еріп келуімен жүзеге асырылады.

6. Тіркеуші балаларды консультацияға алдын ала жазу, тіркеу және құжаттамаларды есепке алу жұмыстарын жүзеге асырады.

7. Диагностикалық тексеру мен кеңес беру:

1) педагог қызметкерлер (психолог, мұғалім-логопед (логопед), дефектолог (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог), әлеуметтік педагог;

2) медициналық қызметкерлер (невропатолог-дәрігер, психиатр-дәрігер, офтальмолог-дәрігер, оториноларинголог-дәрігер (сурдолог) арқылы жүзеге асырылады.

8. Бірінші тексеруге анамнез жинау, дәрігерлердің (сурдолог, офтальмолог, невропатолог, психиатр), педагогтердің (әлеуметтік педагог, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, логопед), психологтың тексеруі, баланың психофизикалық жағдайын бағалау, ата-аналарға (заңды өкілдерге) кеңес беру кіреді. Бірінші тексеру бір немесе төрт қабылдау барысында жүргізіледі. Қабылдаудың ұзақтығы бір сағат, баланың шаршауы жоғары болғанда 20-30 минут.

9. Қайта тексеру ПМПК-ның жалпы қорытындысын нақтылау немесе өзгерту мақсатында жүргізіледі, ең алдымен диагностикалық топтарда, диагностикалық оқу-түзеу сабақтарынан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы, орта білім беру ұйымдарындағы сынама оқытудан кейін зияткерлік немесе тілдік даму кемістігінің деңгейін нақтылау қажеттігі болған жағдайда жүргізіледі.

10. Психикалық бұзылыстар (аурулар), психикалық және мінез-құлықтық, оның ішінде психобелсенді заттарды қолдану салдарынан болған ауытқушылықтары, сондай-ақ баланың суицидалдық мінез-құлығына күдік болған жағдайда тереңдетілген тексерулер жүргізу үшін медициналық мекемелерге ұйымдарға жіберіледі. Психикалық бұзылыстар туралы ПМПК қорытындысы әрекеттегі аурулардың халықаралық жіктемесі оныншы қайта қаралымына сәйкес шифрленіп көрсетіледі.

11. Тексерулер нәтижелері негізінде ПМПК-ның жалпы қорытындысы қабылданады, баланың жеке психофизикалық ерекшеліктеріне қарай түзете-дамыта оқыту барысындағы білім беру бағдарламасының түрі туралы алқалық шешім қабылданады.

Қажет болған жағдайда медициналық, білім беру және әлеуметтік қызмет көрсету бойынша ұсынымдарды қарастыратын жеке түзете-дамыту бағдарламасы жасалады, ата-аналарға (заңды өкілдеріне) консультация беру жүзеге асырылады.

12. ПМПК қорытындысы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды арнайы ұйымдарға және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарына, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына жолдауға негіз болып табылады.

13. ПМПК қорытындысы мен ұсынымдар ата-аналарға (заңды өкілдеріне) қолма-қол беріледі.

14. "Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 321 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11310 болып тіркелген) сәйкес үйде оқитын мерзімі көрсетіле отырып, дәрігерлік-консультациялық комиссияның бала денсаулығының жағдайы туралы қорытындысы үйде жеке тегін оқуға негіз болып табылады.

15. ПМПК-да:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша консультацияға алдын ала жазылу журналы;

2) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ПМПК-да тексеруден өткен балаларды есепке алу журналы;

3) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланың даму картасы жүргізіледі.

16. ПМПК-да есепте тұрған балалар туралы деректер "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94 заңына сәйкес құпия сипатта болады, балалардың даму картасынан үзінді құқық қорғау органдарының, психикалық денсаулық сақтау орталықтарының, психиатриялық ауруханалардың және білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау уәкілетті органдарының жазбаша сұраныстары бойынша беріледі.

17. Сұраныс бойынша ата-аналарға (заңды өкілдеріне) баланың даму картасының үзіндісі мен оны оқыту және тәрбиелеу жөнінде жазбаша ұсынымдары беріледі.

18. Балаларға терең және динамикалық тұрғыда психологиялық-медициналық-педагогикалық көмек көрсету үшін ПМПК-да түзеу-диагностикалық топтар құрылады.

19. Түзеу-диагностикалық топқа балалардың қабылдануы, топта болу мерзімінің ұзартылуы немесе қысқаруы ПМПК қорытындысы мен осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолдамасы негізінде олардың бір айдан бір жылға дейін қатысу ұзақтығы көрсетіле отырып, жүзеге асырылады.

20. Түзеу-диагностикалық топтарда тексеру нәтижелері бойынша жеке түзете-дамыту бағдарламасы жасалады, оқу түрі (жеке немесе топтық) және апталық түзете-дамыту сабақтарының саны айқындалады.

21. Балалардың ерекше білім беруге қажеттіліктеріне байланысты жеке түзете-дамыту көмек мамандар көрсетеді:

1) психолог, логопед-мұғалім (логопед), олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, әлеуметтік педагог, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі;

2) невропатолог-дәрігер, невропатолог-дәрігер, психиатр-дәрігер, офтальмолог-дәрігер, оториноларинголог-дәрігер (сурдолог).

3) қажет болған жағдайда емдік денешынықтыру (бұдан әрі - ЕДШ) дәрігері, физиотерапевт-дәрігер, физиотерапевтік процедуралар, ЕДШ, массаж жасау бойынша орта медициналық персонал, қызмет көрсетуші, техникалық персонал.

22. Диагностикалық топтарда түзеу-диагностикалық оқыту күнтізбелік жыл ішінде ұйымдастырылады.

Түзету сабақтары жеке, кіші топтық және топтық түрде бір немесе әр түрлі жастағыларды біріктіру қағидаттары бойынша жүргізіледі.

23. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар үшін жеке, кіші топтық және топтық бір сабақтың ұзақтығы 25-30 минутты құрайды.

24. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың диагностикалық топтарын ашқан кезде түзету-диагностикалық процесті ұйымдастыру үшін: ЕДШ кабинеттері (залдары) "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 179 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10275 болып тіркелген) сәйкес ашылады.

25. ПМПК-дағы диагностикалық тобында болу мерзімінің аяқталуы бойынша білім беру ұйымында одан әрі оқыту үшін баланы қайта тексеруді жүргізеді.

26. Оқу-тәрбие процесіне қосу үшін балаларды білім беру ұйымдарына жіберген кезде ПМПК қорытындысында диагнозы көрсетілмей оқыту және түзету психологиялық-педагогикалық қолдау шарттары бойынша ұсынымдар беріледі.

	Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар қызметінің үлгілік қағидаларына 1-қосымша
--	--

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қортындысы Заключение психолого-медико-педагогической консультации

Мекенжайы _____

Адрес

Телефон _____

Берілді _____

Выдано

Кеңестен өткені жайлы _____ күні _____ айы _____ жылы

в том, что был (а) консультирован (а) числа месяц год

1. Қорытынды / Заключение

1.1 зерде дамуының жағдайы/состояние интеллектуального развития _____

1.2 неврологиялық диагноз/неврологический диагноз _____

1.3 психиатриялық диагноз/психиатрический диагноз _____

1.4 логопедиялық диагноз/логопедический диагноз _____

1.5 қатар туындаған аурулар мен синдромдар/сопутствующие заболевания и синдромы

2. Оқыту және тәрбиелеу, түзеу-педагогикалық қолдау бойынша ұсынымдар/Рекомендации

по обучению и воспитанию, коррекционно-педагогической поддержке

ПМПК меңгерушісі _____

Заведующий ПМПК

Мамандар _____

Специалисты

	Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар қызметінің үлгілік қағидаларына 2-қосымша
	Нысан

Консультацияға балалардың алдын ала жазылу журналы

Тексеру күні Дата обследования	Тексеру уақыты Время обследования	Баланың ТАӘ (ол болған жағдайда) ФИО ребенка(при его наличии)	Баланың ЖСН ИИН ребенка	Жасы Возраст	ПМПК-ға келу себептері Основание обращения в ПМПК

	Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар қызметінің үлгілік қағидаларына 3-қосымша

ПМПК-да балаларды тексеруді есепке алу журналы

№	Баланың ТАӘ (ол болған жағдайда) ФИО ребенка (при его наличии)	Туылған күні Дата рождения	Тексерілген күні Дата обследования	Бастапқы Диагнозы Предварительный диагноз	Мекенжайы Домашний адрес	ПМПК қорытындысы Заключение ПМПК	Ұсынымдар Рекомендации

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар қызметінің үлгілік қағидаларына 4-қосымша

Нысан

Баланың даму картасы Карта развития ребенка

Келген уақыты

Дата _____

Тегі _____ Аты _____ Әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

Фамилия Имя Отчество (при его наличии)

Туған жылы, айы, күні _____

Дата рождения (число, месяц, год)

Мектеп № _____ Сынып _____ Оқу тілі _____

Школа №

Класс

Язык обучения

Балабақша _____

Детский сад

Кім жіберді _____

Кем направлен

Мекенжай _____

Домашний адрес

Телефон _____

Отбасы құрамы _____

Состав семьи:

Анасы (Т.А.Ә (ол болған жағдайда), жасы, білімі) _____

Мать (Ф.И.О (при его наличии), возраст, образование)

Әкесі (Т.А.Ә (ол болған жағдайда), жасы, білімі) _____

Отец (Ф.И.О.(при его наличии), возраст, образование)

Балалары (жынысы, жасы) _____

Дети (пол, возраст)

Отбасының басқа мүшелері _____

Члены семьи

ПМПК-ға келу себептері _____

Основания обращения в ПМПК

Ата-анасының шағымдары _____

Жалобы родителей

Анамнездік мәліметтер Анамнестические данные

Анасының жүктілік кезіндегі жағдайы _____

Течение беременности матери _____

Жүктілік кезіндегі күн түзімі мен еңбек жағдайлары _____

(кәсіби зияндылықтардың болуы)_____

Условия режима и труда во время беременности _____

(наличие профессиональных вредностей)_____

Босану/Роды _____

Салмағы/Вес_____

Бас көлемі/Окружность головы_____

Кеуде көлемі/Окружность груди_____

Туа салысымен жылады/Закричал сразу _____

Апгар шкаласымен бағалануы/Оценка по шкале Апгар _____

Асфикция болды/Была асфиксия_____

Перзентханадан шыққан уақыты/Дата выписки из родильного дома _____

Перзентханадан шыққаннан кейінгі аңғарым/Диагноз при выписке из родильного дома

Тамақтандыру(емшекпен, жасанды)/Вскармливание (грудное, искусственное)

Емшектен айырылды/Отнят от груди _____

Үлкен еңбегінің жабылу мерзімі/Время закрытия большого родничка _____

Қимыл-қозғалысының дамуы:/Моторное развитие:

Басын ұстады _____ отырды _____ жүрді _____ айда

Держит головку сидит ходит мес.

Психикалық дамуы:/Психическое развитие: _____

Жандану кешені/Комплекс оживления _____

Көру реакциясы/Реакция зрительного сосредоточения _____

Есту реакциясы/Реакция слухового сосредоточения _____

Заттармен іс-әрекеті/Манипуляция с предметами действия _____

Былдырлауы/Лепет _____

Ересек адамның сөзін түсінуі/Понимание речи взрослого _____

Алғашқы сөздері/Первые слова _____

Алғашқы сөздері/Первые фразы _____

Тазалық дағдыларын меңгеру/Усвоение навыков опрятности _____

Өзіне қызмет көрсету дағдыларын меңгеру/Усвоение навыков самообслуживания

**Мінез-құлықтарының даму ерекшеліктері
(туылған кезінен бастап қазіргі кезге дейін) Особенности развития
(с момента рождения и до настоящего времени)**

Аурулары (туылғаннан бастап қазіргі кезге дейін) _____

Заболевания (перенесенные с рождения и до настоящего времени) _____

тырысқақ ұстамалары/судороги _____

нейроинфекциялар/нейроинфекции _____

бас-ми жарақаты/черепно-мозговая травма _____

реанимация фактілері/факты реанимации _____

вакцинадан кейінгі асқынулар/поствакцинальные осложнения _____

жұқпалы аурулар/инфекционные заболевания _____

соматикалық аурулар/соматические заболевания _____

кіші және үлкен дәретінің ұстамауы (сирек, кейде жиы), тұтығу, тартылулар, мәжбүрлі

қозғалыстар, аллергия, диатез, дисбактериоз _____

недержание мочи, кала (редко, иногда, часто) _____

заикание тики, навязчивые движения, аллергия, диатез, дисбактериоз _____

Отбасылық анамнез /Семейный анамнез _____

Балабақшада болуы/Пребывание в детском саду _____

Бейімделу ерекшеліктері/Особенности адаптации _____

Бағдарламаны игеруі/Усвоение программы _____

Мектепте оқу кезеңі:қанша жасынан бастап оқыды _____

Период школьного обучения: начал учиться _____

Оқу мекемесінің түрі/Тип организации _____

Сыныптарды ауыстыруы/Дублирование класса _____

Оқу барысындағы қиындықтар/Трудности обучения _____

Баланың психикалық даму проблемаларының тарихы.

Баланың даму барысындағы әлеуметтік жағдай. Социальная ситуация развития ребенка.

История проблем психического развития ребенка

Отбасының әлеуметтік сипаттамасы

ерекшеліктерсіз, әлеуметтік-педагогикалық тексеруді қажет етеді _____

Социальная характеристика семьи

без особенностей; нуждается в социально педагогическом обследовании

Ата-ана тәрбиесінің түрі мен жағдайлары _____

Тип и условия родительского воспитания _____

Баланың психикалық даму проблемаларының тарихы

История проблем психического развития ребенка

Невропатологтың тексерулері/Обследования ребенка невропатологом _____

Психиатрдың тексерулері/Обследования ребенка психиатром _____

Психологтың тексерулері/Обследования ребенка психологом _____

Логопедтің тексерулері/Обследования ребенка учителем-логопедом _____

Педагогтың тексерулері/Обследования ребенка педагогом _____

Окулистің тексерулері/Обследования ребенка окулистом _____

Сурдологтың тексерулері/Обследование сурдологом _____

Параклиникалық зерттеулердің қорытындылары Результаты параклинических исследований

Әлеуметтік педагогтің қорытындысы/Заключение социального педагога _____

Қосымша ақпарат/Дополнительная информация _____

**ПМПК-ның жалпы қорытындысы (медициналық аңғарым, психологиялық- педагогикалық қортынды)
Общее заключение ПМПК (медицинский диагноз, психолого-педагогическое заключение):**

Ерекше пікір/Особое мнение _____

Ұсынымдар/Рекомендации _____

ПМПК меңгерушісі/Заведующий ПМПК _____

ПМПК мамандары /Специалисты ПМПК _____

	педагогикалық консультациялар қызметінің үлгілік қағидаларына 5-қосымша
	Нысан

Жолдама/Направление

Берілді/Дано _____

Т.А.Ә (ол болған жағдайда) / Ф.И.О. ребенка (при его наличии)

" ____ " _____ туылған жылы / г.р.

мекенжайына тұратын: / проживающего (ей) по адресу: _____

Жолданады / Направляется

ПМПК менгерушісі/Заведующий (ая)

ПМПК _____

" ____ " _____ 20 ____ ж/г.

М. О./М. П.

	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығына 8-қосымша
--	---

Оңалту орталығы қызметінің үлгілік қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Оңалту орталығы қызметінің осы үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) оңалту орталықтарының (бұдан әрі - Орталық) қызмет тәртібін айқындайды.

2. Орталық арнайы түзетуші топтық, шағын топтық және жеке дамытушы бағдарламаларды іске асыратын Орталық басшысы бекіткен арнайы білім беру ұйымдарының бірі болып табылады және туылғаннан он сегіз жасқа дейінгі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар мен жасөспірімдерге кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық көмек көрсету үшін құрылған.

3. Орталық білім беру ұйымдарында түзету педагогикалық көмек болмағанда, сондай-ақ білім беру ұйымдарында түзету-педагогикалық көмек болмаған жағдайда үйде оқитын оқушыларды психологиялық-педагогикалық түзеуге көмек көрсетеді.

4. Елді мекенде арнайы ұйымдар болмаған жағдайда Орталық ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың барлық санатына түзету көмегін көрсетеді.

2-тарау. Оңалту орталықтары қызметінің тәртібі

5. Оқыту мазмұны осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Орталық басшысы бекіткен жеке дамыту бағдарламасымен (бұдан әрі - ЖДБ) айқындалады. ЖДБ ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың психофизикалық және сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктері ескеріліп әзірленеді және баланың негізгі даму: сөйлеу тілі, танымдық, әлеуметтік-эмоционалдық, моторлық және өзіне-өзі қызмет көрсету аясын қамтиды.

Мамандар (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, логопед-мұғалім (логопед), педагог-психолог, психолог, әлеуметтік педагог) ЖДБ-ны құру үшін баланың психофизикалық жағдайын кешенді тексеруді жүргізеді.

Өткен кезеңде жеткізілген нәтижелерді ескере отырып, түзету жұмысының міндеттерін өзгерту жылына екі рет және көрсеткіш бойынша өткізу мерзімімен қайта кешенді бағалау барысында жүргізіледі.

6. Орталықтағы ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар (бұдан әрі - ПМПК) қорытындысы бойынша қабылданады.

7. Орталыққа ерекше білім беруге қажеттілігі бар туылғаннан үш жасқа дейінгі ерте жастағы балалар басымдылық тәртіпте қабылданады.

8. Орталықта болу ұзақтығы баланың денсаулығы жағдайы туралы медициналық қорытындымен айқындалады.

9. Орталықта түзете-дамыту процесін ұйымдастыру "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысына сәйкес жылдық оқу жоспарымен және оқу сабақтары кестесімен реттеледі.

10. Орталықта үй-жай болған жағдайда балалар қысқа мерзімде болатын күндізгі топтар, ата-аналар (заңды өкілдер) үшін консультациялық пункттер құрылады.

11. Топтар бір жас шамасы немесе әр түрлі жас шамасы бойынша балалардың психофизикалық және сөйлеу тілінің даму деңгейін ескере отырып жинақталады.

12. Топтардың толымдылығы балалардың санаты мен жасын ескере отырып "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 179 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 ақпанда № 10275 тіркелді) сәйкес белгіленеді.

13. Орталықтағы оқушылардың контингентіне қарай "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысына сәйкес олигофренопедагог, логопед-мұғалім (логопед), сурдопедагог, тифлопедагог, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, ем дене шынықтыру нұсқаушысы, музыкалық ырғақ педагогі, әдіскер, тәрбиеші, массажист-медбике, тіркеуші, шаруашылық ісі бойынша орынбасар, бухгалтер қызметін жүзеге асырады.

14. Орталықта оқу-тәрбие, түзете-дамыту жұмысын педагогтер, психологтар, мұғалімдер, тәрбиешілер жүзеге асырады.

	Оңалту орталығы қызметінің үлгілік қағидаларына 1-қосымша
	Нысан

Жеке-дамытушы бағдарлама

1. Төлқұжаттық бөлім

1.1. Бала және оның отбасы туралы мәліметтер

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Орталыққа келу күні _____

Туылған күні, айы, жылы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Ата-анасы: _____

Анасы _____

Жасы _____ Білімі _____

Жұмыс орны _____

Әкесі _____

Жасы _____ Білімі _____

Жұмыс орны _____

Бала тәрбиесіне қатысатын басқа адамдар: _____

Басқа білім беру ұйымдарына баруы: _____

Ана тілі _____

Оқыту тілі _____

Тұрмыстағы қолданыс тілі _____

Оқыту түрі _____

Мүгедектігі туралы деректер (болған жағдайда): санаты, себебі, мүгедектік

мерзімі _____

ПМПК қорытындысы _____

Ата-анасының өтініші _____

ПМПК мамандарының ұсынысы _____

1.2 Түзету көмегінің түрлерін есепке алу

2. Бала туралы ақпаратты жинау

2.1 Бала дамуының қысқаша тарихы

Моторикалық дамуы:

Мойнын ұстау: _____ отыру: _____ еңбектеу: _____ жүру _____ ай

Сөйлеу тілінің дамуы

Былдыр: _____

Ересек адамның сөзін түсіну: _____

Сөздерді айту: _____

Алғашқы сөз тіркестері: _____

Психикалық дамуы:

Жандану кешені: _____

Ұқыптылық пен өзіне өзі қызмет көрсету дағдылары: _____

Заттарпен алғашқы іс-әрекеттері: _____

Процесуальды ойын: _____

Оқиғалы ойын: _____

Оқиғалы-рөлдік ойын: _____

Отбасы анамнезі: _____

Жеке бағдарлама бойынша жұмыс істейтін мамандар:

	Т.А.Ә. ол болған жағдайда	Қолы
Жауапты маман		
Психолог		
Арнайы педагог		
Логопед		
Невролог дәрігері		

ЕДШ дәрігері		
ЕДШ мұғалімі		
Музыкалық ырғақ педагогі		
Дәрігер-педиатр		
Физиотерапевт		
Емдік уқалау маманы		
Әлеуметтік педагог		
Тәрбиеші – педагог		

2.2 Психофизикалық дамуын бағалау хаттамасы (баланың еркін іс-әрекеті мен берілген тапсырмаларға реакциясын сипаттау)

№	Топ құрамы	Өткізу уақыты	Келісемін	Қолы
1				
2				
3				
4				

2.3 Түзете-дамыта оқытудың басындағы баланың психофизикалық даму жағдайы:

2.3.1 Дамудың әлеуметтік жағдайы (бала мен ата-ана қарым-қатынасының ахуалы, отбасының ішкі қарым-қатынасы, отбасынан тыс қарым-қатынас)

2.3.2 Сөйлеу тілінің дамуы:

(артикуляциялық аппаратының жағдайы, дыбыс шығару, фонетикалық есту қабілеті,

импрессивті, экспрессивті сөйлеу тілі, буындық құрылым, байланыстыра сөйлеу, ауызша

және жазбаша сөйлеу тілі)

2.3.3 Білім мен іс-әрекетті орындау тәсілдерінің қоры

2.3.4 (білім мен түсінік қоры, ойын, заттық әрекет, конструктивті қызмет)

2.3.5 Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары _____

2.3.6 Моторика (ірі, ұсақ) _____

Бекітемін: " ____ " 20__ж.

Әдіскер (қолы) _____

3. Түзете-дамыту бағдарламасы

Бағдарламаның құрылу уақыты: _____ Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)

_____ Жасы: _____

Мамандар (бейіні) _____

Оқытуу кезеңі	Түзетудің негізгі мақсаттары	Міндеттері	Мақсатқа жету

4. Түзету сабақтары кезеңі аяқталған кездегі баланың психофизикалық даму жағдайы (I кезең, II кезең, III кезең)

Кезең нөмірі	Психофизикалық даму жағдайы	Маманның қолы қолы

Басшысы: _____

5. Түзету көмегінің нәтижелері

5.1 Балдық бағалау (-1 – нашарлау; 0 – өзгеріссіз, 1 – жақсаруы; 2 – мақсаттың толық орындалмауы, 3 – мақсаттың орындалуы): _____

Түзете оқытудың аяқталу күні _____

Қайда жіберілді (шығарылуы) _____

5.2. Мамандардың қорытындысы:

	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығына
	9-қосымша

Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері қызметінің үлгілік қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің (бұдан әрі - ППТК) қызмет тәртібін айқындайды.

2. ППТК арнайы түзетуші топтық, шағын топтық және жеке дамытушы бағдарламаларды іске асыратын және ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсету үшін құрылатын арнайы білім беру ұйымдарының бірі болып табылады.

2-тарау. Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері қызметінің тәртібі

3. ППТК-не балаларды жіберу және орналастыру ата-аналардың (заңды өкілдердің) келісімімен ПМПК қорытындысы бойынша жүзеге асырылады. Балаларды ППТК-не қабылдау жыл бойы жүргізіледі.

4. ППТК психологиялық-педагогикалық көмекті ПМПК қорытындысы негізінде туылғаннан он сегіз жасқа дейінгі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға:

- 1) көру қабілеті бұзылған;
- 2) есту қабілеті бұзылған;
- 3) сөйлеу тілінің бұзылыстары бар;
- 4) сөйлеу тілінің дамуы тежелген;
- 5) тірек-қимыл аппараты қызметінің бұзылысы бар;
- 6) зерде бұзылыстары бар;
- 7) психикалық дамуы тежелген;
- 8) эмоциялық-ерік әрекетінде және мінез-құлқында бұзылыстары бар; балаларға көрсетеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында түзету-педагогикалық көмек болмаған жағдайда, сондай-ақ орта білім беру ұйымдарына тіркелген үйде оқитын балаларға түзету-педагогикалық көмек болмаған жағдайда ППТК ондағы білім алушыларға психологиялық-педагогикалық түзету көмегін көрсетеді.

5. Түзете-дамыта оқытудың мазмұны осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке дамыту бағдарламасымен (бұдан әрі - ЖДБ) айқындалады. ЖДБ ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың психофизикалық және сөйлеу тілінің дамуы мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып әзірленеді және баланың негізгі даму: сөйлеу тілі, танымдық, әлеуметтік-эмоционалдық, моторикалық және өзіне-өзі қызмет ету аясын қамтиды.

ЖДБ құру үшін баламен түзету жұмысының басым бағыттарын одан әрі анықтау үшін оның психофизикалық жағдайын кешенді тексеруді мамандар (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, мұғалім-логопед (логопед); педагог-психолог, психолог, әлеуметтік педагог) жүргізеді.

6. ППТК-дегі түзете-дамыту процесін ұйымдастыру "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысына сәйкес жылдық оқу жоспарымен және сабақ кестесімен реттеледі.

7. ППТК-дегі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға түзете-дамыту тұрғысынан оқытуды ұйымдастырудың формалары жеке немесе шағын топтық және топтық сабақтар, консультативтік сабақтар, қысқа мерзімді топтар болып табылады.

Топтар бір жас шамасы немесе әртүрлі жас шамасы қағидалар бойынша жинақталады. Топтар саны ППТК және түзету-педагогикалық жұмысты жүзеге асыру үшін арнайы жағдайлардың болуымен айқындалады.

8. Сабақтың ұзақтығы ерекше білім беруге қажеттілігі бар баланың жасына байланысты:

1) жеке сабақтар – 20-30 минутты;

2) екіден бес жасқа дейінгі мектепке дейінгі кіші жастағы балаларға арналған топтық сабақтар – 35-40 минутты;

3) мектепке дейінгі ересек бестен жеті жасқа дейінгі және мектеп жасындағы алтыдан он сегіз жасқа дейінгі балаларға арналған топтық сабақтар – 35 минутты құрайды.

9. "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысына сәйкес ППТК-де олигофренопедагог, мұғалім-логопед (логопед), сурдопедагог, тифлопедагог, педагог-психолог

лауазымдары есеппен әр топқа 1 штаттық бірлік қарастырылады. білім алушылар санына байланысты, әлеуметтік педагог, емдік дене тәрбиесі нұсқаушысы, музыкалық ырғақ бойынша педагог, әдіскер, тәрбиеші, медбике-массажист, тіркеуші қызметін жүзеге асырады.

	Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері қызметінің үлгілік қағидаларына қосымша
	Нысан

1. Төлқұжаттық бөлім

1.1. Бала және оның отбасы туралы мәліметтер

Тегі: _____

Аты : _____

Әкесінің аты: _____

ППТК-не келген күні _____

Туған күні, айы, жылы _____

Мекенжайы _____ -

Телефоны _____

Ата-анасы _____

Анасы _____

Жасы _____ Білімі _____

Жұмыс орны _____

Әкесі _____

Жасы _____ Білімі _____

Жұмыс орны _____

Бала тәрбиесіне қатысатын басқа адамдар: _____

Арнайы педагогтің сабағы (жеке)																				
Арнайы педагогтің сабағы (шағын топтық)																				
Психологтың сабағы (жеке)																				
Психологтың сабағы (шағын топтық)																				
Отбасына кеңес беру																				
Музыкалық-ырғақтық сабақтар (шағын топтық)																				
Психофизикалық жағдайды командалық бағалау																				
Әлеуметтік педагогтің/ қызметкердің кеңес беруі																				
ЕДШ дәрігері	Жылына 2 рет																			
Невролог дәрігері	Жылына 2 рет																			
ЕДШ (шағын топтық)																				
ЕДШ (жеке)																				
Педиатр-дәрігер	Көрсеткіш бойынша																			
Физиотерапевт дәрігері	Көрсеткіш бойынша																			
Массаж	Көрсеткіш бойынша																			
Физиоємдеу	Көрсеткіш бойынша																			

Басшы: _____

1.3. Көрсетілетін түзету көмек түрлерін есепке алу

Баланың ТАӘ (ол болған кезде) _____

Қорытынды: _____

Жауапты маман _____

Мамандардың қызмет көрсететін уақыты: _____ - _____ дейін

Басшы _____

1.4 Баланың болу есебі

Кезең нөмірі	Жоспарланған болу уақыты	Жеке дамыту бағдарламасындағы өзгерістер	Себептері Маманның қолы

Басшы _____

2. Бала туралы ақпаратты жинау

2.1 Бала дамуының қысқаша тарихы

Қимыл-қозғалыс дамуы:

Басын ұстау: _____ отыру: _____ еңбектеу: _____ жүру _____ ай

Сөйлеу тілінің дамуы _____

Былдыр: _____

Ересек адамның сөзін түсіну: _____

Сөздерді айту: _____

Алғашқы сөз тіркестері: _____

Психикалық дамуы:

Жандану кешені _____

Ұқыптылық пен өзіне-өзі қызмет көрсетуі _____

Затпен алғашқы іс-әрекеттері _____

Процесуалды ойын _____

Оқиғалы ойын _____

Оқиғалы-рөлдік ойын: _____

Отбасы анамнезі: _____

Жеке бағдарлама бойынша жұмыс істейтін мамандар:

Мамандар	ТАӘ (болған жағдайда)	Қолы
Жауапты маман		
Психолог		
Арнайы педагог		
Логопед		
Невролог дәрігері		
ЕДШ дәрігері		
Емдік дене шынықтыру мұғалімі		
Музыкалық ырғақ жөніндегі педагог		
Педиатр		
Физиотерапевт		
Массажист		
Әлеуметтік педагог		
Тәрбиеші - педагог		

**2.2. Психофизикалық дамуын бағалау хаттамасы
(баланың еркін іс-әрекеті мен берілген тапсырмаларға реакциясын сипаттау)**

№	Мамандар құрамы	Өткізу уақыты	Келісемін	Қолы

2.3 Түзете-дамыта оқытудың басталу кезеңіндегі баланың психофизикалық даму жағдайы _____

2.3.1 Дамудың әлеуметтік жағдайы (балалар мен ата-аналар қатынасының ерекшелігі, отбасының ішкі қарым-қатынас ерекшелігі, отбасыдан тыс жағдайдағы қарым-қатынас ерекшелігі)_____

2.3.2 Сөйлеу тілінің дамуы:

(артикуляция аппаратының жағдайы, дыбыс шығару, фонетикалық есту қабілеті, импрессивті, экспрессивті сөйлеу тілі, буындық құрылым, байланыстырып сөйлеу тілі, ауызша және жазбаша сөйлеу тілі)_____

2.3.3 Білім мен іс-әрекетті орындау тәсілдерінің қоры

(түсінік пен білім қоры, ойын, заттық әрекет, конструктивті әрекет)_____

2.3.4 Өзіне өзі қызмет көрсету дағдылары_____

3. Түзете-дамыту бағдарламасы

Бағдарламаның құрылу уақыты:_____ ТАӘ (бар болса) _____

Жасы_____

Мамандар (бейіні) _____

Оқу кезеңі	Түзетудің негізгі мақсаттары	Міндеттері	Мақсатқа жету

4. Түзету сабақтары кезеңі аяқталған кездегі баланың психофизикалық даму жағдайы (I кезең, II кезең, III кезең)

Кезең нөмірі	Психофизикалық даму жағдайы	Маманның қолы

Басшы _____

Бекітемін: "____" 20__ж.

Әдіскер (қолы) _____

5. Түзету көмегінің нәтижелері

5.1 Балдық бағалау (1 – нашарлау; 0 – өзгеріссіз, 1 – жақсару; 2 – мақсаттың толық орындалмауы, 3 – мақсаттың орындалуы): _____

Түзете-оқытудың аяқталу күні _____

Қайда жіберілді (шығарылуы) _____

5.2. Мамандардың қорытындысы:
